

Доскей дами береді



Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Бұқар жырау ауданының Доскей ауылына жасаған кезекті сапарында жүзеге асырылып жатқан инфрақұрылымдық жобалардың қарқынды дамуы мен сапасын өзі тексерді. Қазіргі таңда ауыл тұрғындары жаңа су құбырына қосылып, кәріз желілерінің қайта жаңғыртылуы бойынша үлкен жұмыстар жүргізілуде. Әкімдік тапсырмасымен құрылған арнайы жедел штаб бұл жұмыстарды толық бақылауда ұстап, тапсырманың уақытында әрі сапалы орындалуын қатаң қадағалауда. Аталған жобалардың іске асуы тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартып, ауылды өркендетуге зор үлес қосатын болады.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ауыл тұрғындарының су тапшылығы мен құбырлардың сапасы жөніндегі көптеген шағымдарынан кейін мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы дереу арнайы тексеріс жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша анықталған мәселелер мен кемшіліктер толықтай талданып, тиісті шаралар қабылдау үшін облыс әкіміне баяндалды. Бақылау шараларының арқасында су жүйесінің жұмысы мен құрылыс сапасы жақсартылып, жергілікті тұрғындардың құқықтары мен талаптары ескерілді. Облыс басшысы өз тарапынан шұғыл түрде қажетті түзетулер мен жөндеу жұмыстарын бастау туралы тапсырма берді.

Доскей ауылындағы су құбырының құрылысы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында өт-

метрлік резервуардың құрылысы басталды. Енді Доскей ауылы үздіксіз сумен қамтылады, – деп атап өтті Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын.

Жаңа ұнғымалармен қосымша резервуарлардың құрылуы Доскей ауылының су тапшылығын шешуге, әсіресе, жаз айларындағы суға деген сұраныс артқан кезде, айтарлықтай көмектеседі. Су құбырының тұрақты жұмысы мен тиімділігі ауылда тұратын адамдардың тұрмыс сапасын арттырып, экономикалық дамуға да оң әсерін тигізеді. Бұған қоса, ауылдың инфрақұрылымын жаңарту, сол сияқты қосымша жұмыстарының аяқталуы алдағы уақытта ауылды дамытудың берік негізі болмақ.

Сонымен қатар, Доскей ауылында жаңа сорғы стансасы салынып, ескі су сорғылары жаңасына ауыстырылды. Су жүйесін әрі қарай онтайлы басқару



кен жылы толық аяқталғанымен, ауыл тұрғындары арасында су тапшылығы мәселесі әлі де барлығын мәлім еткен. Қазіргі таңда, жүйеге шамамен мыңға жуық абоненттің жартысы қосылып үлгерген, ал, қалған жұртшылықты қайта қосу жұмыстары жалға су үстінде. Су тапшылығын толықтай шешу үшін жаңа қосымша резервуарлар мен су жинау құрылғыларын орнату, сондай-ақ, су жеткізу үдерісін тұрақтандыру бағытында тиісті жұмыстар жүргізілуде. Осылайша, ауыл тұрғындарының сұранысына сай сапалы сумен қамтамасыз ету жұмыстары біртіндеп өз шешімін табуда.

– Доскей ауылына тағы да келіп, тұрғындарға берген уәдемі орындадым. Су жетіспеушілігі мен жұмыс сапасына қатысты бірқатар сын-ескертіпелер болған еді. Барлығын қайта қарап, мердігерлердің жұмысын дұрыстағанын байқадық. Дегенмен, әлі де шешімін қажет ететін түйткілдер бар. Кейбір қиындықтар жобалық құжаттамада кеткен қателіктерден туындаған. Осы бағытта қосымша шаралар қабылданып, мәселе толық шешіледі, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысының айтуынша, жобаның іске асырылуында кездескен кемшіліктер мен мәселелер – уақытша қиындықтар. Жобалық құжаттамадағы кейбір қателіктердің салдарынан туындаған мәселелерді реттеу үшін арнайы шаралар қолға алынған.

– Бүгінде үш ұнғыма жұмыс істеп тұр. Сыйымдылығы 300 текше метр болатын екі резервуар бар. Алайда, жаз мезгілінде су тұтыну артады, тұрғындар бақшаларын суарады. Осыған байланысты, тағы екі жаңа ұнғыма қазылып, қосымша 500 текше

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• ЭНЕРГЕТИКА

Шахтинскінің шаруасы түгел

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарымен Шахтинск қаласына барып, қаладағы жылу электр орталығында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының барысын тексерді. Аймақ басшысы жөндеу жұмыстарының сапасын бақылап, қажетті шараларды қабылдады. Сапар кезінде ол Шахтинск жылу электр орталығының маусымдық дайындық деңгейін, сондай-ақ, энергетикалық нысандардың жұмысын қамтамасыз ету үшін атқарылып жатқан шараларды ерекше назарға алды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Шахтинск қаласының алдағы жылыту маусымына дайындығы жергілікті билік пен энергетикалық бақылау органдарының үнемі қатаң бақылауында. Қаланың инфрақұрылымына жүргізілген ауқымды жөндеу жұмыстарының нәтижесінде жабдықтар мен жылу желілерінің тозу деңгейі едәуір төмендеп, олар жаңа маусымға толық дайын болуға мүмкіндік алды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып, келешекте жүйенің тиімділігін арттыру және тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету үшін барлық қажетті шаралар қабылданды. Жылыту маусымына толық дайындықты қамтамасыз ету мақсатында жүйелі тексерулер мен профилактикалық жұмыстар үздіксіз жүргізілуде.

Қысқы жылыту маусымына дайындық аясында Шахтинск ЖЭО-да үш қазандық пен бір турбина, сондай-ақ, қосалқы жабдықтың толық жөндеу жұмыстары жоспарланған. Кешенді шаралар энергетикалық жабдықтың жұмыс істеп тұрған тиімділігін арттырып, жылу жүйелерінің тұрақты әрі үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазандықтардың және турбинаның жөндеуі ЖЭО-ның қуат өндіру қабілетін арттырып, қала тұрғындары мен кәсіпорындарының жылумен қамтамасыз етілуін одан әрі сенімді етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қосалқы жабдықтың жөндеуі кез келген мүмкін болатын ақауларды болдырмауға және жүйенің тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевқа жөндеу жұмы-



старының кестеге сай жүріп жатқаны, сондай-ақ, материалдар мен жұмыс күші бойынша ешқандай қиындықтар туындамағаны туралы толық мәлімет берілді. Жабдықтарды жөндеу мамыр айында басталып, бүгінгі таңда атқарылған жұмыстардың жартысынан астамы аяқталды. Сонымен қатар, Шахтинск қаласында жылумен қамтуды жақсарту мақсатында магистральді және орамшылқ жылу желілерінің кейбір учаскелері ауыстырылуда. Жұмыстар аясында жалпы ұзындығы 4,8 шақырым желі жөндеуден өтеді. Жөндеу жұмыстары жылу жүйесінің сенімділігін арттырып, энергия шығындарын төмендетуге бағытталған. Сонымен бірге, жылу оқшаулауын қалпына келтіру жұмыстары да жалғасып жатыр.

Шахан кентінде де қазандық жабдықтары мен жылу құбырлары жөнделіп, ауданның инфрақұрылымы қалыпқа келтірілуде. Кезекті сапары аясында Ермағанбет Бөлекпаев «Қарағанды-Саран-Шахтинск» автожолының күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Жолдағы жөндеу жұмыстары аясында 19 шақырым жол жөнделіп жатыр.

– Қазіргі уақытта ұсақ түйіршікті асфальтобетоннан жоғарғы қабат төселіп жатыр. Бүгінде 8,4 шақырым жол жөнделіп, қозғалыс ашылды, жол белгілері мен жол жиегі жасал-



ды. Тағы бір шақырым жол асфальттауға дайын тұр. Келесі жылы тағы 4 шақырым жолды жөндеу жоспарда бар, – деді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Аян Шағдат. – Сонымен қатар, «Новолинка-Шахан-Молодецкое» жолы да қайта жаңғыртылып жатыр. Биыл 5 шақырым жол жөндемек, оның 900 метрі бұрынғы жамылғыдан тазартылып, 1,2 шақырымды биыл жаңартылады. Қалғаны келесі жылға өтеді.

Аймақ басшысы «Шерубай-Нұра» өзені арқылы салынып жатқан көпірдің құрылысымен де танысты. Бүгінде

барлық бұрғылау қадарлары орнатылып, екі тіреу тұрғызылған. Жұмыстар жоспар бойынша жүріп жатыр, жоба 60 пайызға орындалған.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев «Шерубай-Нұра» өзені арқылы салынып жатқан көпірдің құрылысымен де танысты. Қазіргі уақытта көпір құрылысында барлық бұрғылау қадарлары орнатылып, екі тіреу тұрғызылған. Жұмыстар толық жоспар бойынша жүргізілуде, жобаның орындалу деңгейі 60 пайызды құрайды.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Су жүйесі жаңғырады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың инфрақұрылымды дамыту және халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет Арнаулы мемлекеттік қордан облысқа су құбыры желілерін салуға және реконструкциялауға 5 миллиард теңгеден астам қаражат бөлді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кешенді шаралар өңір тұрғындарының өмір сапасын арттырып, суға қатысты мәселелерді түбегейлі шешуге бағытталған. Әрбір тұрғынның таза ауыз сумен қамтылуы – мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған басты назар мен қамқорлықтың айқын көрінісі. Қаражаттың бөлінуі облысымыздағы инфрақұрылымдық өзгерістердің жаңа кезеңін бастайтыны сөзсіз, әрі бұл бағыттағы жұмыстар қарқынды түрде жалғасады.

Қаржыландыру қайтарылған активтер қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Аталған қаржылық қағидалы жобалардың тиімділігін арттырып, олардың уақытында іске асырылуын қамтамасыз етеді. Жоталы жобалар облыстың бірнеше елдімекендерінде, атап



айтқанда, Қарағанды қаласында, Тихоновка, Садовое, Колхозное, Ахтерек, Әлихан ауылдарында және Көктенкөл стансасында іске асырылуда.

Су құбыры желілерін салу әрі реконструкциялау жұмыстары олардың тозу деңгейінің жоғары болуына байланысты қолға алынып отыр. Көптеген желілер ондаған жылдар бойы күрделі жөндеусіз пайдаланылып, өз кезегінде апаттар мен су беру үзілістеріне, сондай-ақ, тұрғындардың үнемі

шағымдануына әкеліп соққан. Осыған байланысты, Үкімет су жүйелерін жаңғыртуға ерекше назар аударып, мәнді мәселені жедел шешу жолдарын қарастыру үстінде. Барлық жұмыстарды осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып, су құбырының тиімді және тұрақты жұмыс істеуі қамтамасыз етілмек.

Бүгінде Қазақстанда елдімекендерді кезең-кезеңімен ауыз сумен қамтамасыз ету жоспары белсенді жүзеге асырылуда.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі өкілдерінің ұсынған деректері бойынша, Қарағанды қаласы тұрғындары ауыз сумен 99,4%-ға, ал, ауыл халқы 97,9%-ға қамтылған. Қала мен ауылдық елдімекендер арасындағы инфрақұрылымдық теңсіздікті жою мақсатында қолға алынған шаралар алдағы уақытта да жалғасып, бүкіл республика бойынша ауыз сумен қамту деңгейін арттыруға мейлінше мүмкіндік береді.

Сурет Kazinform сайтынан

Ыждаһаттыға ырыс қонар

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бес-алты жұмыскермен бас-талған іске Жаратқан берекесін беріп, бүгінде аудандағы іргелі шаруашылыққа айналды. Дәл қазіргі уақытта шаруашылық ет өндіруде алдыңғы лекте. Жылына жылқы еті – 40 тонна, ірі қара еті – 30, қой еті 28 тонна өндіріледі екен. Бұдан бөлек, жұрт сүйсініп, жыр қылып жүрген қымыздан жылына 30 тонна тағы өндірілетіні бар.

Бұл күнде 25 мың гектар жері бар қожалықтың жылына қуаттылығы 50 тонна ет өндіретін бордақылау алаңы жұмыс істеп тұр.

Егіндік алқабы 1000 гектарды құраса, онда бидай, арпа өсіріледі. Азықтық дәнді дақылдар мал азығына жұмсалды, сондықтан, өз-өзіне қажеттілікті толық өтей алатын жүйе қалыптасқан.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың тікелей қолдауымен «Қарынши» шаруа қожалығына қажетті электр қуаты тартылды. Бұған дейін электр желісі болмаған алқапқа 15 шақырымнан астам жерден жарық желісі жеткізіліп, түйткілдің түйіні тарқатылды. Электр қуаты келгеннен кейін қырмандағы жұмыстар жеңілдеді, шығын азайды. Бұрын сағатына 60 литр солярка жағатын қырманның бүгінде электрге қосылып, жұмысы әлдеқайда тиімді әрі үнемді бола түсті. Аудан әкімдігі де өз деңгейінде қожалықтың мұн-мұқтажын ескеріп, қажетті құжаттар мен ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіріп, инфрақұрылымдық жобаның іске асуына ықпал етті.

Қожалықта қазіргі таңда 5 комбайн бар. Электр желісі тартылғаннан бері шаруашылықта мал сою пункті іске қосылды. Алдағы уақытта үлкен тоназытқыштар орнатып, өнімді ұзақ сақтау, жеткізу және өңдеу бағытындағы жұмыстар кеңейтілмекші. Шаруашылықтың өркендеуіне тек жеке еңбек қана емес, мемлекеттік қолдаудың зор әсер еткенін атаған абзал.

Қожалық басшысы шаруашылықтың өркендеуімен қатар, қарамағындағы жұмысшылардың жағдайын да басты назарда ұстады. Шаруашылық өркендеген сайын, олардың да саны күн санап арта бастады. Мысалы, бүгінде шөп шабушылар мен механизаторлар – 360 мың теңге, жылқышылар 240 мың теңге көлемінде жалақы алады. Жататын орын мен тамақ тегін. Жергілікті халықты тұрақты жұмыспен қамтып отырған шаруа қожалығындағы жұмыскерлердің басым бөлігі Тегісшілдік ауылының тұрғындары.

Қожалық тек табыс табумен шектелмей, ауыл халқына да шарабатын тигізіп келеді. Жұмыссыз жүрген жергілікті азаматтарды маусымдық жұмысқа тартып, әлеуметтік тұрақтылықты сақтап отыр. Қысқы маусымда 30-ға жуық, жазда 40-қа дейін адам еңбек етеді. Қайырымдылық іс-шараларына да қатысып, ауылдағы жол жөндеу, мерекелерді ұйымдастыруға да жиі атсалысады.

Көктас ауылында келешек бар

Қарқаралы ауданына қарасты Қаршығалы ауылдық округіндегі Көктас ауылы соңғы жылдары жаңарып, жаңғырып келе жатқан елдімекендердің бірі. Тарих пен таңғажайып табиғаттың тоғысқан өңірі бүгінде инфрақұрылымы дамыған, алдыңғы шептегі айдыны ауқымданған ауылға айналып отыр.

Тоғыз жолдың торабында орналасқан ауылда кейінгі жылдары біршама жұмыстар атқарылды. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 7,3 шақырым жолға асфальт төселіп, ауыл ішіндегі қозғалыс сапасы мен қауіпсіздігі айтарлықтай жақсарды. Ауыз су жүйесі толығымен тартылып, ауыл ішіне көше жарығы орнатылып, бұрынғы қараңғы көшелер қазір шамдары жарқыраған, қауіпсіз әрі көрікті орындарға айналуда. Сонымен қатар, екі бірдей жалдамалы тұрғын үй салынып, алдағы уақытта жас отбасыларға, мамандарға беру жоспарланып отыр.

Қаршығалы ауылдық округінің жер көлемі 81 852 гектарды құрайды. Оның ішінде биыл 4 191 гектарға егін егілді. «Ас атасы – нан» деп тегін айтылмаса керек. Қазіргі таңда ауылда наубайхана жұмыс істеп тұр, ауыл халқы күнделікті нанмен қамтамасыз етілген.

Бүгінде ауылда жаңа спорт кешенінің құрылысы жүріп жатыр. 40 адамға арналған бұл нысан ауыл жастарына спортпен шұғылдануға мүмкіндік беріп, саламатты өмір салтын қалыптастыруға негіз болады.

Құрылыс жұмыстарын «Нұрай құрылыс сервис» ЖШС жүргізіп жатыр. Мердігер компания басшысы Өткір Дәдебаев.

– Қазіргі таңда іргетас құю жұмыстары жүріп жатыр. Көмір қоймасы, қазандық пеш орнату жұмыстары да қатар атқарылууда. Амандық болса, қаражат толық жөнелтіліп тұрса, жыл соңына дейін сәтін салып жұмысты толық аяқтауға бел буып отырмыз. Негізі келісім бойынша жоба 2024-2025 жылға жоспарланған, – деді Өткір Қадырқұлұлы.

Құрылыстың жалпы аумағы – 1 гектар. Ғимарат көлемі – 20х25 метр. Барлық құрылыс матери-

алдары Қарағанды қаласынан тасымалдануда. Ең бастысы, жұмыскерлердің көбісі жергілікті тұрғындар. Қазір құрылыс нысанында 17 адам еңбек етуде.

Тұрғындар ауыл ажарының ашылып, өркені өскеніне ерекше қуанып отыр. Солардың бірі – ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қанат Қашқынбеков. Ол ауылдағы жаңарулар мен жасалып жатқан істерге дән риза.

– Ауылымызда жастарға қажетті жағдайдың бәрі жасалып жатыр. Бұрын ауылда балалар ойнайтын алаң жоқ еді, салынды. Немерелеріміз таң атысымен сонда жүреді. Салынып жатқан спорт кешені – халық үшін зор игілік. Жолдар жөнделді, жарық



тартылды. Ең бастысы, ауыл тынысы ашылып келеді. Бұл игілікті істің жалғаса беруіне тілектеспін, – деді ақсақал.

– Ауылдың тұрақты дамуы бір орында тұрмау керек. Байқағандарыңыздай, ауылымыз кең қанат жайып келеді. Модельді кітапхана, 60-70 бүлдіршінге арналған балабақша – соның жемісі. Мұнымен тоқтап қалмай, алдағы уақытта скверлер мен субұрқақтар салу жоспарымызда бар, – деді округтің бас маманы Гүлмира Орынбасарқызы.

«Атамекенді» аңсап жеткен

Қарқаралы ауданының кең даласы шаруашылықтың қай саласын болса да дөңгелетуге бейім. Сондай іргелі шаруа қожалығы-



ның бірі әрі бірегейі Қарқаралы қаласының оңтүстік-теріскейіндегі Нұркен Әбдіров ауылдық округінде орналасқан «Атамекен» шаруа қожалығы. Шаруашылық атауының өзі тегін қойылмаған.

Шаруа қожалығының негізін қалаушы – Сламбек Хидаятұлы. Қытай Халық Республикасынан атажұртқа 2002 жылы оралған қандасымыз. Бүгінгі таңда туған жер төсінде табан тіреп, өз кәсібіннің нәсібін көріп отырған ауыл шаруашылығы саласындағы қажырлы еңбек иесі.

Алғашында сүт шаруашылығынан бастаған қожалықта бүгінде 100-ге жуық сүтті сиыр бар. Қазіргі таңда 400 басқа арналған сүтті-тауарлы ферманы кеңейту жобасы іске асырылуда. Бұл – аудандағы ірі қара мал шаруашылығын дамытып, жергілікті сүт өнімдерін молайтуға бағытталған ірі бастама. Фермада заманауи қондырғылар қолданылып, сүт өңдеу мен сақтау үрдісі жаңартылуда. Бұл жоба толық іске қосылған кезде жаңа жұмыс орындары құрылып, өңірдің ауыл шаруашылық әлеуеті одан әрі дами түспек.

Қарапайым бидаймен шектелмей, ауыл шаруашылығын әртараптандыруға бет бұрған Сламбек Хидаятұлы биыл ерекше кадамға барды. Қарқаралы ауданында алғаш рет 300 гектар жерге күнбағыс екті. Бұл – ауыл шаруашылығындағы тың тәжірибе, мол табыс көзі.

– Атамекенге аңсап жеткен соң шаруашылықтың атын «Атаме-

кен» деп қойдым. Қазір осы туған еліме келіп шаруашылықтың түрлі саласын дамытып келемін. Аудан тарихында тұңғыш рет күнбағыс ектім. «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» деген дана халқымыз. Облыс әкімдігінің тікелей қолдауымен егіс алқабыма жақын маңайдағы Ақбұлақ өзенінен су тарттым. Күнбағыс өсіру бір күндік шаруа емес. Бұл үшін диқаншылықты жетік меңгеру қажет. Уақыт пен ауа райын бақылау, еңбек пен шыдамдылық қажет. Бұл – бізге ғана емес, кейінгі ұрпаққа да аманат, – дейді Сламбек Хидаятұлы.

Қожалыққа 1130 гектар суармалы жер тиесілі. Қазірдің өзінде шаруашылықта 5 дана суарушы техника жұмыс істеуде. Алдағы уақытта егілген дәнді-дақылға қарай техниканы көбейту де жоспарланған. Бұл техникалар егістікті тиімді әрі үнемді суаруға мүмкіндік беріп отыр. Ақбұлақ өзенінен тартылған су арқылы 500 гектар алқап суарылып жатыр.

Шаруа иесі жуырда облыс әкімімен кездесуге де қатысқан. Сонда өңірдегі шаруаларға электр желісін тартуға қолдау көрсетілетіні айтылды. Бұл шаруашылық үшін үлкен демеу. Жоба құны – 292 миллион теңге. Егер бұл жүзеге асса, егістікті автоматтандыру, сүт фермасын толық электрмен жабдықтау сынды жұмыстар әлдеқайда оңтайлы болмақ.

Атамекенге аңсап жеткен арда азаматтың елеулі еңбегі – аймақтың экономикалық дамуы

үшін атқарылып жатқан игі бастама. Қарқаралы даласында тамыр жайған күнбағыс секілді, мұндай іскер азаматтар да елге құт әкелері анық.

Экотуризмнің ерен үлгісі

Табиғаты тамылжыған, тарихы терең Қарқаралы бүгінде экотуризмнің орталығына айналып келеді. Тау мен орман, көл мен шипалы ауасы аastasқан өлке бүгінде тек жергілікті халықтың емес, сырттан келетін туристердің де сүйікті бағытына айналды. Осы бағытта бой көтеріп, өңірдің туризм әлеуетін арттырып отырған нысандардың бірі – «Орман» қонақ үйі.

Жеке кәсіпкерлік негізінде ашылған бұл демалыс орны – табиғатпен үндескен, жайлы әрі заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған экотуристтік кешен.

– Қонақ үйіміз туристерді қабылдауға толық дайын. Табиғат аясында демалып, таза ауамен тыныстап, табиғатпен үндескенге не жетсін?! Біздің қонақ үйде қонақтарға қажеттінің бәрі бар. Туристер тек жақсы көңіл күймен, жайлы демалса дейміз, – деді қонақ үйдің басшысы Жанат Жәкенова.

Қарқаралы ауданы соңғы жылдары туризмді дамытуда онды қадам жасап келеді. Аудан әкімдігі тарапынан туристік аймақ ретінде 75 гектар жер бөлініп, аталған аумақта инженерлік-коммуникациялық желілер толықтай тартылуда. Бұл өз кезегінде жаңа нысандардың бой көтеруіне, инвестиция тартуға және демалыс сапасын арттыруға зор мүмкіндік.

Бүгінде өңірде туристерге арналған қырыққа жуық демалыс орны жұмыс істейді. Бұл нысандар бір мезетте 2 500-ге жуық туристі қабылдай алады. Оларда 300-ге жуық адам тұрақты жұмыс істеп, жергілікті халықтың табысын арттырып отыр.

Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Нұрлыбек Ілдебаевтың мәліметіне жүгіңсек, өткен жылы Қарқаралы өңіріне 32 мыңға жуық турист келген. Ал, биыл тек алғашқы жартыжылдықтың өзінде бұл көрсеткіш 20 мыңға жетіп отыр. Жыл соңына дейін бұл сан 1,5 есеге дейін артуы мүмкін.

Тағы бір тиімділігі, «Қаз-АвтоЖол» компаниясы Қарағанды-Қарқаралы бағытындағы күрежолды толықтай жөндеуден өткізді. Ендігі кезекте, жергілікті кәсіпкерлердің осындай бастамалары өңірдің өркендеуіне жол ашады.

Қарқаралы ауданы түрлі бағыт бойынша қанатын кенге жайып келеді. Ауыл шаруашылығы, туризм және инфрақұрылым салаларындағы жобалар өңірдің әлеуетін одан әрмен арттырып, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға серпін беруде. Бұл – бірлікпен жасалған берекелі істің нәтижесі.

Суреттер автордан

Зорлықты тыйғың келсе, үнсіз қалма!

(Соңы. Басы 1-бетте)

19 азамат медиатор көмегіне жүгінді. 12 адамға (оның екеуі бала) құжаттандырылды, ал, 91 адам жұмыспен қамтылды. Алимпент өндіру мәселесі бойынша 786 азамат сот орындаушыларына жүгініп, нәтижесінде жалпы сомасы 97,3 миллион теңге алимент өндірілді. Сонымен қатар, 26 атқарушылық іс жүргізу тараптары құрылыс бағытына байланысты тоқтатылып, 17 отбасы медиативтік келісімге келген.

«Бұрын отбасындағы мәселелерді сыртқа шығаруға ұялатын едік. Қорған болар жер жоқ деп ойлайтынбыз. Қазір полиция мен арнайы орталықтардың нақты көмегі бар екенін біліп отырмыз. Көзім бір көршімнің осындай дағдарыс орталығына орналауына көмектестім. Психолог та, заңгер де тегін кеңес береді екен. Осындай қолдау көрсетіліп жатқанына қуаныштымын. Ең бастысы – үнсіз қалмау керек екен» – дейді аты-жөнін атамауды өтінген қала тұрғыны.

Психолог маман Думан Нұр-

ланұлы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың физикалық қана емес, адамның өзін-өзі бағалауына, психологиялық саулығына соққы екенін айтады.

– Бізге жүгінетін әйелдердің көбі жылдар бойы психологиялық қысым мен манипуляцияда өмір сүрген. Қазір қоғамда бұл тақырып ашық айтылып, мамандар көмегі қолжетімді бола бастағаны – үлкен өзгеріс. Психологиялық қолдау арқылы адам қайта сенімге ие болады, өз құқығын қорғай алатынын түсінеді. Бұл – зорлықтың қайталануын болдырмаудың басты жолы, – дейді ол.

Арнайы бөлімше құрылды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №409 Жарлығын және Ішкі істер министрлігінің 2025 жылғы 5 қаңтардағы №2 бұйрығын орындау аясында Қарағанды облысы ПД құрамында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес жөніндегі арнайы бөлімше



құрылды. Жаңа құрылымға қосымша 39 штаттық бірлік бөлініп, жалпы саны 54 бірлікке жеткізілді.

Бүгінгі таңда солардың 39-ы (яғни 72,2 пайызы) нақты қызметке тағайындалған. Оның 9-ы – ПД аппаратына, қалған 30 қызметкер – аумақтық бөлімшелерге бөлінген.

Халықаралық тәжірибе не дейді?

Әлемдегі дамыған елдерде отбасылық зорлық-зомбылықпен күресудің түрлі жолдары бар. Мәселен, Швецияда, зорлық-зомбылықтың алдын алуға ерекше мән беріледі. Мұнда әр шагым міндетті түрде тексеріледі, ал,

зорлық көрген адамға дереу психолог пен әлеуметтік қызметкер тағайындалады. Арнайы баспалар мен қайта әлеуметтендіру бағдарламалары жақсы жолға қойылған.

Ал, Канадада отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық қылмыс ретінде қаралып, жәбірленушінің қауіпсіздігі басты орында. Бұл

елде «нәлдік төзімділік» саясаты жұмыс істейді. Бір ғана шагым негізінде қорғау бұйрығы дереу шығарылады.

Аустралияда полиция мен әлеуметтік қызметтер тығыз байланыста. Зорлық-зомбылық фактісі анықталған жағдайда, отбасындағы бала автоматты түрде психологиялық бақылауға алынады. Ал, зорлық көрсетушімен міндетті түрде түзету жұмыстары жүргізіледі.

Түйін

Облыста отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес жүйелі әрі нәтижелі сипат алып келеді. Жаңадан енгізілген заңдық нормалар, құрылған бөлімшелер, азаматтық сектормен серіктестік және ақпараттық жұмыс – барлығы мемлекеттің зорлықсыз қоғам құру жолындағы нақты қадамдары. Байқауымызша, отбасылық зорлық-зомбылық деңгейін азайту үшін атқарылып жатқан алдын алу шаралары аз емес.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған әр адамға қолдау бар. Ең бастысы – үнсіз қалмау және мұндай жағдайларға немқұрайды қарамау...

Президент сыйлығының иегері, публицист,

• ІЛТИПАТ

Мағауияның маңында

Қаламгерлігінің үш кезеңі

Қазақтың қабырғалы жазушысы, қазақ-совет журналистикасында өндірістік журналистиканың негізін қалаушы атақты Бейімбет Майлин өткен ғасырдың 30-жылдарында Қарағандыға үш-төрт рет келіп, өзінің «Қызыл жалау» романына материал жинағаны, көмірлі қалада өндіріс озаттарымен кездесіп, изотовшы-стахановшы Мағауия Рақмшев туралы «Мағауияның маңында» деген шағын да өшпес туындысын жазғаны бар. Сонда бір жиылыстың «баяндамашысы» болған Мағауияның президиум үстеліне барғанда қолына қайласы жүргенін қызық қылып келтіреді. «Мынау не етпек болды?» деп жұрт таңырқап қалады. «Сөзге шебер кісі емес қой, ауыздан гөрі қолы епті. Қайланы ұстаған қолымен түрлі қозғалыс жасап, сол көптің ынтыққан керегін ұғындырып шығып еді. Сұлу сөздерден гөрі жұмысшыларға мұның «тілі» ұғындырақ көрініп еді», деп жазады классик.

«Орталық Қазақстан» газетін ширек ғасырдай басқарып, ұйымдастырушылық қабілетімен де, қалам қарымымен де танымал болған журналист Мағауия Сембаев қазақтың болашақ журналистері алдында баяндама жасаса Алтын қаламын алып шығып, «міне осылай жазу керек», деп ақ қағазға айбақ-сайбақ етіп сөз маржандарын тізер ме еді. Немесе, «мыналардан оқып алыңдар» деп «Жауынгер қыздар» (1995), «Қолыма қалам алдым айтамын деп...» (2005), «Алаштың алдаспаны» (2011), «Құбылыс» (2015), «Ой-тамызық» (2015), «Жерұйық» (2017) атты жинақтарын ұсынар ма еді. Қалай болған күнде де айтары көп асыл Азамат, ғибраты мол Қаламгер, тәлімі зор Ұстаз бағаны даусыз.

Мен өзімді Мағауияның (Сембаев) маңында жүрген, журналистиканың қыр-сырын бірге үйренген замандасы, орынбасары болып «Орталықтың» батпан жүгін бірге арқаласқан әріптесі, басқа да қарағандылық қаламгерлер сияқты шығармашылығына талдау жасап жүрген шолушысымын деп есептеймін. Әр бес жыл сайын газеттің мерейтойын өткізіп, басылым тарихына қатысты бірқатар мақала, кітаптар шығарамыз деп жүріп, шежірешісі де болып алдым. Мағауияның өзі айта беретін ең алғашқы есте қалар, атышулы «Жұмбақ номерден» қайтар жылы жазған ең соңғы, айтулы «Жошы ханға» дейінгі бүкіл шығармашылық та, өмірлік жолы да көз алдымда. Алты жыл мемлекеттік қызметте болғаным болмаса (оның өзінде де баспасөзге, тіл саясатына қатысты) менің де өмір жолым «Орталықтың» құтты шаңырағында өтіп, оның қызығы мен шыжығын Мағауиямен бірге бөлістік...

Мағауияның шығармашылық қырларын негізінен үш кезеңге бөлуге болады. Алғашқысы жоғарыда айтқанымдай, Журналистік кезеңі, яғни журналистиканың қыр-сырын үйрену жылдары. Бұл жолда ол редакторлар Р.Сағымбеков, Т.Жүсіпов, Н.Оразбеков, Р.Сүлейменов пен «Егемендегі» Шерхан Мұртазаның мектебінен өтті (1976-1997 жж.). Журналист ретінде қалыптасып, елге танымал қаламгер болды. Өзі бір сұхбатында айтқанындай: «Рамазан ағай қаламыма бас білдірді. Дұрыс соқпаққа салды. Нұраған мен Шерағаң батыл жазуға, тайсалмауға баулыды».

Екінші кезең «Орталықтың» тізгінін ұстап, халық қалаулысы атанған тұс. Тәуелсіздіктің елең-алаңында газет таралы-

мы азайып, беделі де құлдырап кеткен еді. Көп күш жұмсауға тура келді. Бұл мақсатқа жоғары органның «разнаряджасы» арқылы емес, газеттің мазмұнын жақсартып, безендіруін түрлендіруге, қазақтың мүддесін көздеп, патриоттық сезімін ояту арқылы, шалғайдағы аудандарға шығып, ауылдағы басты оқырманмен тікелей тілдесу арқылы халықтың мұң-мұқтажын, арман-мүддесін білу арқылы қол жетті. Осы жылдары облыстық мәслихаттың үшінші-төртінші шақырылымының екі дүркін депутаты болып сайланып, ел басқару мектебінен сабақ алды. Депутаттыққа өзінің атақ-дәрежесі үшін емес, облыстың бас мінберінен өзінің сүйікті «Орталығының» мәртебесін көтеріп, қаржыландыруын арттыруды мақсат етіп, сайланды. Туған өлкесінің гүлденуі, Қарағайлы сияқты қаусап қалған өндірісті қайта жандандырып, халықтың екі қолына бір күрек ұстатуды арман етті. Ойлаған жоспар, бағдарламасын негізінен орындап, халық алдында абыройы артты. Бұл оның өміріндегі Қайраткерлік кезеңі дер едім.

Үшінші кезең өмір өткелдерінен өткен саликалы қаламгердің жоғарыда аталған кітаптардың соңғы төртеуін жарыққа шығарған, көркем очерктер мен есте қалар естеліктер жазып, классик жазушы Мұхтар Мағауин, еліміздің тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров және басқа тұлғалардың сан қырлы әлемін халқына таныта білген, «Ой-тамызық» деп аталатын шағын фило-софиялық толғауларын дүниеге әкелген сәті. Бұл жылдарды көсемсөз шебері атанып, толысқан Публицистік кезеңі деуге болады.

Алпыс репортаждан басталған адам

Мағауияның ең алғаш көзге түскен тұсы жаңашыл редактор Рамазан Сағымбековтің тұсындағы атақты «Алпыс репортаждан» басталады. 1980 жылдың маусым айының соңында редакторымыз маған, Мағауияға және тәжірибелі журналист ағамыз Базарбай Мұстафин үшеумізге Қазақстанның алдағы 60 жылдық торқалы тойы қарсаңында күн сайын бір материал жариялай отырып, облыстың 60 кәсіпорын-мекемесінен алпыс репортаж жазуды тапсырды. Уақыттың тығыз екенін, облысты аралап, күн сайын бір мақала жариялаудың қандай қиямет екенін айтып, жалбарынып едік, көнбеді. Әсіресе Мағауия екеумізге шүйлікті. «Жассындар, өздеріңді көрсетіндер, болашақ сендердікі», дегенге сайды әңгімесі. Рахан жастарды, өзінің университеттегі шәкірттерін жақсы қолдайтын. Мен үшін әдейілеп ауыр индустрия деген еш жерде жоқ бөлім ашып, меңгерушісі қылып тағайындаған. Мағауия партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі Базекең мен аса тәжірибелі журналист, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Қағазбек Сәденовтің мектебінен өтіп, енді әзі айтпақшы «секретариаттың кухнясының» дәмін татып жүрген. «Жақсылап жазсаңдар, Журналистер одағының сыйлығын алғызып берем», деді башымыз. ҚазМУ-дің журналистика факультетінде қызмет еткен, журналистика ортасында беделі зор оқытушы-ғалым емес пе?! Айтқанын орындайтындығын жақсы білеміз. Осының алдында ауыл проблемалары туралы «Орталықтың» циклдык материалдары бойынша одақтың бас жұлдесін өзі бастап, Амантай Сағындықов пен Рымқұл Сүлейменовке алып берген. Ол енді көлемді болса да, үш-төрт мақаладан ғана тұратын. Ал, мынаның саны табаны күректесі – 60! Рахан материал жазудың жолдарын да айтты. «Та-

лай озат, белгілі ұжымдарда болып жүрсіндер, сол материалдарыңды жаңартып, кейде телефон арқылы алып, тарихынан мәлімет беріндер», – деді. Ұрыста тұрыс жоқ, дереу іске кірістік. Редакцияның жағдайы белгілі, кейде көлік береді, кейде жаяулап-жалпылап, облысты кезіп кеттік.

Содан, не керек, газетте 27 маусым күні жарияланған менің «Гапсевтің ізбасарлары» деп аталатын, Қарағандыны Қарағанды еткен геологтар туралы мақаламнан басталған хикая тура мереке қарсаңында, 26 тамыз күні шыққан. Қушоқы көмір разрезі туралы «Көгілдір шоқылар» деген репортажыммен аяқталды. Раханның ақылымен мен ылғи жазып жүретін Қарметкомбинаттың домна, мартен, прокат цехтары, ақ қанылтыр цехы мен жаңа әуежай құрылысы, іргеміздегі Қарағандының ХМИ, КНИУИ, ВостНИИ, «Қарағандагорсельпроект» сияқты ғылыми-зерттеу, жобалау институттары мен көмір бірлестігінің есептеу орталығы сияқты нысандарын таңдаппын. Мағауия болса, Осакаров ауданына бір барғанда элеваторы мен фабрикасынан, кешегі коммунарлармен байланыстырып, бүгінгі «Коммунар» совхозынан материалдар алып келді. Сондай-ақ, Қарағайлы комбинаты мен радиорелейлі байланыс жүйесінен, Топар жылыжайы мен Нұра ауданынан және Костенко мен Горбачев атындағы, «Северная» шахталарынан жазыпты. Базекең де бір сапарында өзі

Өмір дейтін – жолжазба

«Бала» дейтін, Баласындай үл едік. Арманына сабақтайтын гүл өріп, ...Қарашада қара қанат құс болып, Мағаш аға мектебінен түледік.

Қыран құстай құз жартасын қорыған, Лашын, тұйғын ертіп өтті соңынан. Ақ қағазға «Ар» деп жазып, алдымен, Қара қалам түспей кетті қолынан.

Таудан биік болғаннан соң болмысы, «Тартынбай жаз!» деп өткен де

сол кісі.

Рауан ҚАБИДОЛДИН, ақын

Алп-алп басқан, айхой, алып денелі, Арда туған азаматтың соңғысы.

Қысқа жазып машықтанған көлемнен, Орда тіккен «Орталықтың»

төлі ем мен.

Ора-шолақ жаза алмаймын, онсыз да, Мағаш аға қарап отыр төбемнен.

Тауға қарап тамсанады жұрт несін? Таудай адам қайырланды да жүк көшін, ...Өмір дейтін «жолжазбаның» ақыры, Өз қолымен қойып кетті нүктесін.

жақсы білетін Қарқаралы ауданы, оның әйгілі «Салтанат» ансамблі, «Шахтер» демалыс үйі, Нұркен совхозын қамтыпты. Саран педу-чилищесі мен Жамбыл мектебі мен басқа да оқу орындары мен мәдениет мекемелерін, т.б. жырға қосыпты. Мақалаға үшеуміз де қол қатын болғандықтан бүгінде тарихқа айналған таспадағы жазбаларды кімнің жазғанын ажыратайын дегенім ғой.

Сонда төрт жылға жетер-жетпес тәжірибесі бар, небәрі 25 жастағы талдырмаш келген жігіт Мағауияның бізден қалыспай, облыстың сан-салалы өмірінен жауапты тапсырманы ойдағыдай орындағанына таңым бар. Базекеңді айтпағанда менің өзім одан институтты жеті жыл ерте бітіріп, өндірістік, ғылыми жұмыс тәжірибем бар ғой. Рамазан ағамыз да сөзінде тұрды. Алматыдағы әріптестеріне айтып, Журналистер одағының сол кездегі аса беделді жұлдесін ойып тұрып, алып берді.

Би-ағаның үлгісімен

Тілеухан Жүсіпов тұсында енді марқұм замандасымыз Ермағамбет Лұкпановпен

қыздар – Боевые подруги» деген атпен жеке кітап болып жарияланды. Бұл өзімізге қараған жігіттер арасында майда-шүйде брошюраларды қоспағанда тұңғыш рет кітап болып жарыққа шығуы еді. Кенес өкіметі кезінде кітап шығару қияметтің қияметі болатын. Цензурадан бұрын баспаның жоспарына ену, Орталық Комитеттің сүзгісінен өту астаналықтардан басқаларға бұйырмайтын.

Ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болған кезеңде Мәкең 1985 жылдың соңына қарай облысымыздағы белгілі ауыл шаруашылығы маманы Н.Әдекеновтің «Ірі қараның іргелі мәселелері» деген проблемалық макаласын ұйымдастырып, ол бір жыл бойы газет бетінде талқыланды. Көтерілген мәселеге партия, совет қызметкерлері де, ғалымдар да, мамандар мен қарапайым малшылар да үн қосты. Сондықтан облыстық партия комиеті газетті қолдап, өзінің бюро мәжілісінде қарап, қаулы қабылдады. Облыстық партия комитетінің қазақ тіліндегі басылымдарды ескеріп, мұндай қаулы қабылдауы ол кезде үлкен оқиға еді.

Газетімізге Нұрмахан Оразбеков редак-



бірге ұлы Жеңіс тақырыбына «Қарағандының жауынгер қыздары» деген мақалалар циклын жариялауы да есте қаларлық оқиға болды. 1942 жылы өз еріктерімен майданға аттанған қарағандылық 50 қыздың тағдырын зерттеп, олардың ерлігін ұрпаққа үлгі етіп ұсынды. Бұл жазбалар кейін осы жолдар авторы мен журналист Марал Хасеновтің орыс тіліне аудармасымен «Жауынгер

тор болып келгенде Мағауия редакциядағы ең басты буын – партия тұрмысы бөлімін басқаратын. Бұл тарихқа қайта құру, демократияландыру кезеңі болып енген алмағайып заман еді. Батыл редактор тұсында партия органдарындағы сайлау науқанын газет барынша өткір жариялап тұрды. Бұрынғы-сыңша шаппай бәйге алмақ болған хатшылар, заңды бұзғандықтан газет қармағына ілініп, лауазымдарымен қоштасты. Нұра ауданынан Навосенко, Ульянов ауданынан Беляев осылай газет көріне ілікті. Ульянов ауданында өзімсіңген башының өрескел істері туралы Мағауияның екі мақаласын аудандық газеттің сұратуы бойынша орыс тіліне аударып берген едім, мұның да әсері зор болған көрінеді.

Өзінің жан-жақты журналист болып қалыптасқандығын Мәкең «Егеменге» екінші рет барғанда іс жүзінде дәлелдеді. Республикалық газеттің меншікті тілшісі ретінде бірінен-бірі өткен сын, проблемалық материалдар жариялады. Сөйтіп, оның қаламынан «Қарағандыкөмір» бірлестігі («Көмір ошағының көші түзелді») мен оның шахталары, металлургия комбинаты мен оның сортты прокат өндірісі («Соры қалың сортты прокат»), қаусап қалған Қарағайлы («Қарағайлыны кім және қалай қаусатты?») туралы және т.б. саликалы мақалалары жарқ етіп шыға бастады. Бұл табыс жылдар бойғы тәжірибемен, үздіксіз ізденіспен келді. Алпыс репортаж тұсында-ақ, одан кейін де Мағауиямен облыстың өндіріс орындарының жұмысы, ерекшеліктері туралы жиі пікірлесетінбіз. Раханның бастамасымен «Теміртау жұмысшысы» деп аталатын газет ішіндегі «Шахт» шығарғанда белгілі журналист Сүйіндік Жанысбай үшеуміз Қарметкомбинаттың барлық негізгі цехтарын бірнеше рет аралап, адамдарымен сырласқанбыз. «Комбинатты көпр (көпер болуы керек) цехынан 2-ТЭЦ-ке дейін тегіс аралап шықтым» деп отыратын жарықтық. Үшеуміз Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы шахта астына түскенімізді мен «Шахмат, шахта және Рахан» деген естелігімде («Редакторлардың редакторы», Қарағанды, 2012) баяндаған едім. Өндірістік тақырыпты біз осылай, Би-ағаның (Бейімбеттің) үлгісімен өндірістің ортасында жүріп игергенбіз. Қазіргі жастарға мұны үлгі етеміз.

Аман ЖАНҒОЖИН, ардагер журналист, бас редактордың 1997-2011 жж. орынбасары

• ПАРАСАТ

Азамат

Адамның өмір сүруінің мәні – артына із қалдыру. Оған үлкен жүрек, кен пейіл, асқақ ақыл керек. Жеке бастың емес, ұлттың, елдің, мемлекеттің қамын ойлаған адам ғана тарих сахнасынан, ел жүрегінен орын алады. Біздің Мағауия Сембай досымыздан сөз де, із де қалды.



Мағауия Сембай ел алдындағы перзенттік парызын толығымен өтеп кетті деп есептеймін. 22 жыл редакторлық қызметінде газеттің құты болды. Мұзафар Әлімбаевтің «Жақсы редактор басылымның құты, жаман редактор жұты» дегені Мәкенді ойлағанда еске түседі. Қоғамдық-саяси басылым десе де, газеттің жетілу жылдары елдің көз алдында. Өзі алдын көрген ұстаздары Рамазан Сағымбек,

Нұрмахан Оразбек ағалары салып кеткен сара жолдан айныған жоқ. Заманында қазақ журналистикасында атақты Шерхан Мұртаза мектебін қалыптастырса, тура сол үрдісті Мәкең Арқада жаңғыртты.

1997 жылы елден (Қарқаралы) Қарағандыға қоныс аударарымда оған дейін аралас-құралас болып жүретін Мәкең менің отбасымды өзі көшіріп әкелді. Мектепте ди-

алабұртып тұр еді сонда. Мен болып-толып деген асып-тасқандық жоқ, баладай бал-бұл жанды әлпеті.

– Енді қайда барамыз? – деп қоям мен.

– Мектептің артында бұлақ бар, сонда!

Білім ошағынан әрідегі бұлақтан қанып су ішті де, беті-қолын шайып, көгалға шалқасынан сұлай кетті.

– Ереке, кіндік қанымыз тамған Қарқаралының қасиетіне жетіп жүрміз бе, жоқ па, білмеймін. Оны халық бағалар. Бірақ, туған жерге тең келер қадір-қасиет жоқ қой жер бетінде!

Көңілі қандай кең болса, шығармашылығы да толассыз жойқын еді ғой. Жасы елуден асқанда тіптен толысып, кемеліне келді деп білем. Мұхтар Мағауинмен сыр-сұхбатын тақырыпқа алған «Алаштың алдаспаны» кітабы, «Құбылыс», «Жерұйығы», оймақтай болса да, ордалы ойлардың жиынтығы «Ой-тамызық» жинағы, қай-қайсы болса да, оқырманын табатын болашақтың дүниелері дер едім. Маған, әсіресе, философиялық ойларға құрылған «Ой-тамызығы» қатты ұнайды. Батыр Тоқтар ағасының мерейтойына арнап шығарған «Наркескен» жинағы қалай сауатты құрастырылған?! Оның қадір тұтқан екі тұлғасы: Мұхтар мен Тоқтар. Бірі – алдаспан, бірі – наркескен! Бұл айдарды екі тұлғаға таңған Мәкеннің өзі және олар жайлы жазбалары да тақырыпқа сай қылып тұрғанын жалғыз мен емес, қалың оқырман қауым білсе керек.

Сондығынан шығар, кісі баласын көңілі құлар, ініні түсе бермейтін ғұлама Мағауин Мәкенді қатты жақсы көрді. Тіпті, бауыры ретінде ардақтап өтті. Тығыз қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста болды. Мұхаң 70-ке толғанда Мағаш сый-сияпатын алып, Алматыға ағасын құттықтауға барары ғой. Алдын ала қоңырау шалып, «Аға, мен сіздің үйді бетке алдым» деп бір ауыз сөз хабарлай салыпты. Сөйтіп есік алдына жетсе, ұлы Мұхаңның өзі ауладағы көп адам арасында бауырын тағатысыздана күтіп, «Мағаш, шахта және Рахан» деген естелігімде, Ал, Мағауин мұндай құрметпен қарсы алған кісі кемде-кем. Негізі, Мұхан мен Мағау деген өз алдына бөлек соқталы тақырып. Бұның бір дәлелі, Мұхтар аға Қарқаралының 180 жылдық мерейтойы қарсаңында Мағаудың шақыртуымен Қарағандыға үйіне қонақтап келді. Мұхаң аунап-қунап, Қарқаралыны аралап, күндердің күні еліне – Семейге шығарып салып тұрғанда бұрылып, Мейрашқа қарата: «Шырағым, мына Мағашты Құдай сенің бағына берген. Азаматыңды ардақтай біл, сағын сындырма, қадіріне жет», – деп Мейраштың маңдайынан бірге екен. Бұл жақтан жазушыны Мәкеңмен сүйге Серік Ақсұңқарұлы мен Базарбай Әлеу-хан үшеуі еліне жеткізіп салса, ол кісі бауырларына Абай топырағын аралатып, тай сойып күткені күні бүгінге аңыз болып қалды.

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ

қаламгер Мағауия Сембайдың туғанына – 70 жыл

• ЖАҢА КІТАП

Аманатқа айналған ой толқыны

Мағаш аға!

Қаламгерлік қабілетімен де, кісілік келбетімен де, баладай аңғалдығымен, даладай дархандығымен де жақсылардың жанынан мәңгі өшпейтін есім! Ғұмыры келте болды демесеңіз, ол – журналистік миссиясын толық атқарған қаламгер. Сонғы демі үзілгенше қолынан қаламы түскен жоқ.

Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalıq Qazaqstan»

Иә, шығармашылық жоспарлары бар еді. «Зейнеткерлік демалысқа шықтым. Газеттің қара жұмысынан қолым босады. Енді алаңсыз жазамын», – деген еді шығармашылық еркіндікке қол жеткізген сәтінде балаша қуанып. Әттең, тіршіліктегі сапары беймезгіл тұйықталды.

...Жыл басында ұлы қаламгер, қазақ әдебиетінің классигі, Мағауия Сланбекұлының рухани ағасы Мұхтар Мағауин дүниеден өткенде, қазақ журналистері «Жазушыдан сұхбат алып үлгеріпсіз. Классиктің соңғы сұхбатымен тарихта біз қаламыз» немесе «Ұлы Мағауин екінің-біріне бермеген сұхбатын бізге берді» деп, жазушының ақыретінен өздеріне абырой жейдесін пішіп, әлеуметтік желіде өбігерге түскенін ұмыта қойған жоқ шығарсыздар. Сонда тұтас қазақ қоғамы Мағауиннен сырт айналып, сұхбаты мен шығармаларын жарияламақ былай тұрсын, Мұхтар аға үшін редакциялардың есігі тарс жабылғанда, қаламгердің сұхбатын да, кітап болып шығып үлгермеген «Шыңғысхан» романынан үзінді де жариялаған біздің «Орталық Қазақстан» газеті мен оның редакторы Мағауия Сембайды біреуі аузына алған жоқ. Тіпті, қаламгер ағасын Еуропаға бірнеше рет іздеп барып, жазушының жат елдегі шығармашылық шеберханасынан сыр ақтарған Мағаш ағаның бүгін бір жинағы «Алаштың Алдаспаны» деген атпен Мұхтар ағасына арналғанын ешкім ойға алғысы келмеді.

Мұхтар ағасы туралы қайда-қайда дүние жазса да, өзі қосынып жүретін. «Америкаға 80 жас мерейтойына барамын. Мұхаң туралы жазуға қайта отырамын», – деп жүргенде өзі өмірден көшті.

Мағаш ағаның толғағы жетпеген тағы бір тақырыбы – қазақтың қаһарман ұлы, Тұңғыш ғарышкеріміз Токтар ағасы еді. Ауруханада жатып, батыр ағасы туралы ғаламтордағы барлық дүниелерді жинақтағанын, олардың «Мен ұмытып қаламын, мынау сенің архивіңде тұра берсін» деп, Мейраш жеңгемізге жөнелтіп отырғанын мен жақсы білемін. Алайда, өзі ауруханадан ауыр табытпен шықты. Қос ағасы туралы жазамын деп жүрген шабыты табытқа өңгерілді.

...Ұстаздары, қазақ баспасөзінің ұлы редакторлары Шерхан Мұртаза, Рамазан Сағымбеков, Нұрмахан Оразбековтен алған тәлімі, ағалар аманатына адалдығы болар, Мағаш ағаның қаламы жүйрік қана емес, өткір еді. Бөлек мәнер, жаңа стиль, ордалы ой, өткір пікір... Осының барлығы – Мағауия Сембай шығармашылығының даралығы.

Көзінің тірісінде «Қолыма қалам алдым айтамын деп...», «Алаштың Алдаспаны», «Құбылыс», «Жерұйық», «Ой-тамызық», «Наркескен» атты жинақтары жарық көрді. Алғашқы жинағына топтасқан сонау 80-жылдары жазылған мақалаларының өзі әлі күнге дейін өзектілігін жоймағанын ардақты аға, ұлағатты ұстаз, қабырғалы қаламгердің бақыты деп бағалар едік. Бір ғана «Ірі қараның іргелі проблемалары» атты мақаласын газетке бүгін жариялап жіберсеңіз, оқырман «Мынау қай заманның проблемасы?» демес еді.

Биылғы 70 жылдық мерейтойы қарсаңында әріптес-замандастары мен шәкірттерінің қолдауымен жарық көріп отырған «Ой-қазына» жинағына топтасқан оймақтай дүниелері де – өлмейтін тақырыптың өзегі. Ендеше, сөз – жаңа жинақ жайында.

Жасыратыны жоқ, талай қаламгер уақыттың безбенінде замана үніне үн қосып, өз дәуірінің саясатын салмақтаймын деп жазған-сызғандарын өміршен шығармалар шоғырына қоса алмай қалды. Талан-шөгін да, тағдыры да уақыт талабының құрбаны еткен әріптестеріміз аз емес. Оларды жазғыруға да нақымыз жоқ. Өйткені, олар мемлекеттік іде-

ологияның сойылын соғып, абыройын көтеруге өздерінің хал-қадірінше қызмет етті. Әсіресе, мемлекеттік баспасөз құралдарында қызмет етіп, басшылық жасаған аға буын қаламгерлер арасында мардымсыз марапат пен әлдебір сыйлық үшін шеберлігін шеңберден шығара алмай кеткендер көп. Әрине, біз оларды құстаналаудан аулақпыз.

Қазақтың дауылпаз ақыны Қасымның өзі «Жаман өлеңім жақсы өлеңімді асырайды» деп ақталған еді ғой. Ал, Арқада өзіндік мектеп қалыптастырып, ғұмырының 44 жылын қазақ баспасөзінің қадірін арттыруға арнаған Мағауия Сембайдың шығармашылығында кейбір әріптестеріндей ұраншылдық болған жоқ. Ресми биліктің бастамаларына жақтаса отырып жазған дүниелерінің өзінде «алайда» деген астар, «қалайда» деген қамшылау бар еді.

Шығармашылығының соңғы (анығында – өмірінің) 6-7 жылында Мағаш ағаның арлы қаламынан туған нәрлі туындылары ормандай оқырманның олжасына айналып, «Орталық Қазақстан» газетінде үзбей жарияланып жатты. Сергек оқырман қоңырау шалып, пікір білдіріп жататын-ды. Сондай сәттерде балаша мәз болатын аңғал ағаның өзі қолына ұстап, кеудесіне баспайтын кітабын жарыққа шығару барысында он ойланып, мың толғандық.



Өмірден өткеніне жыл толғанда жинақталған «Қоңыр наз» кітабының өзі шәкірттік парызымыздың көп салмағын жеңілдетіп кеткенін де осы сәтте түсіндік. Сонымен, кенессе келе, оқырманның талғамына дөп келіп, әдеби ортаның жоғары бағасын алған «Ой-тамызықтарын» көпшіліктің ой-талғамына қайта ұсынуды жөн көрдік.

Қайта оқыдық, қайтадан сараладық. Көнерген көзқарас, мәнін жойған, маңызынан айырылған тіркес таппадық. Иә, Мағаш аға өзі қаламмен жазып, теруге тапсырғанда, газет бетінде жарық көріп жатқанда, бұл жазбалар «Ой-тамызық» еді. Бүгін «Ой-қазынаға» айналды.

Сонымен, қолымыздағы жинақ – белгілі публицист Мағауия Сембайдың толысқан ойының тобықтай олжасы. Қоғамның қомақты хәм орасан проблемалары автордың оймақтай ғана ой-тамызықтарына жүк болып, қаймақтай нәрімен қадірі артады. Уақыт зауалын тамыршыдай дөп басқан қаламгер кешегі мен бүгінгіні, ескі мен жаңаны сабырмен салыстырады да, кеселдің емін сал-

мақты түйінмен емеурін етеді.

Жалпы, Мағаш ағаның бұл жазбалары – ұраншылдықтан арыла қоймаған ұлттық журналистикадағы жаңа түр, соны форма. Әр тамызықтың тамырында бір-бір әңгіме немесе хикаятқа арқау болар идея жатыр.

Біз қазір уақыт тапшы алашапқын дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Кітапханаға кіргіміз жоқ. Қарьерра қуғандар мен бизнес деген буаз сиыр сауғандардың заманы. Ал, осындай беймаза шақта бір мезгіл сананы сілкіндіріп, жадымызды жаңғыртып алу үшін марқұм Мағауия Сланбекұлы ұсынған осы формадан асқан құнды дүние жоқ – білгенге.

Десек те, автор туындыларының маңызы оның мейлінше ықшам көлемінде емес. Келте қайырып-ақ, кемел ойдың сеңін қозғауға болатынын дәлелдейді автор. Парасатты пайым, пәлсапалық түйін де бар. Дәстүрлі публицистиканың астарлы амалы. Ішіндегісін ақтарған автор жеңілдейді. Ал, оқырман ауырлап қалуы мүмкін. Өйткені, қоғамның әркім байқай бермейтін асқынған дерті – Мағаш ағаның ой-тамызығында. Одан қалды, әрқайсымыз пендеуін пиғыл мен жеңіл ой жетегінде кеткен өзіміздің ұқсыныс бет-бейнемізді жазбай танимыз.

Әшкерелейді. Жиын-тойда ойлы сөз айтудың орнына бағалы сыйлығымызды құндап тұратын «құнсыздығымызды». Автор жан дүниесіндегі жанартау – бұл. Жалыны күйдірмейді. Тоңзыған бойымызды жылытып, тоқыраған ойымызды серпілтеді. Сенбесеңіз, қалтаңыздағы әмиянның орнына

• ДӘУІР

Иесі де, киесі де өзі еді...

Қасиетті қарашаңырақ «Орталық Қазақстан» газетінде талай редактордың қарамағында қызмет атқардық. Олардың әрқайсысы өзіне лайықты із қалдырғаны сөзсіз. Солардың арасында қырық жылдан астам редакцияда қызмет атқарып, соның соңғы жиырма екі жылында редактор болған Мағауия Сланбекұлы Сембайдың орны ерекше еді.



Ол туралы естелік жазу үшін сан рет стол басына отырдым. Бірақ бірден бастап кете алмадым. Мағауды ойлаған сәтте қаптаған оқиғалар ұшығы басына келеді де, бір шетінен ұстатпай, қолма-қол пышырап жөнеле береді. Бұл несі екенін түсіне алмай дал болдым. Сөйтсем, ол аса жақсы білген, бірге жүрген жан туралы қиастық сезімнің салдары екен. Кеше ғана жанында жүрген адам туралы өткен шақта жазудан артық азап жоқ!

Мағаштың таудай бейнесі әлі көз алдымда. Сол жымия қараған беті әлі тұр. Жоқ, ол өлген жоқ...

Ол редакция алдында ақ машинадан түсіп жатыр... Ол өзі отыратын кенсеге қарай келе жатыр... Ол кабинеттегі үлкен столының басында жұмыс істеп отыр... Ол коридордың түпкі жағындағы орында бір топ қызметкерді жинап алып, ортасында темекісін бұрқырата шегіп тұр... Ол бұл жерге жалғыз келмейді. Ерсінді, Ергазыны, тағы басқа жігіттерді шақырып алады. Тек қана шылым шекпейді, редакциядағы бір жұмыстардың шетін шығарып, соны ортаға салып, ой тастап тұрады. Ол мәселе кейінірек лездемеде бүкіл қызметкерлердің алдына салынады (салынбауы да мүмкін). Осылардың барлығы көз алдыма келгенде Мағаудың қара жердің қойнында екендігі есімнен шығып кетеді де, телефонды ала салып звондағым, дауысын естігім келіп кетеді.

Кейде машинасына отырғызып алып, үйге әкеліп тастайды. Сондай сәттерде де жай отырмай, редакцияның бір жайлары туралы ой қозғап отырады. Кейде ауруханаға жатқанда да газетті үзбей алдырып тұрады. Оның әрбір нүктесіне дейін қалдырмай оқып, жақсысына сүйсінеді, кемшілігі болса – күйінеді. Ол туралы кейін жұмысқа шыққан сәтінде лездемелерде айтып отырады. Қонақта болған сәттерде де «Бізде ертең бәлен деген жақсы мақала жарық көреді – оқындар» деп мағмұрлана айтып, бір маркайып қалатын. Мұны айтып отырған себебім – бұл оның қай уақытта болмасын ойында «Орталығы» жүретіндігінің, газетпен біте қайнасып, ішек-қарнына дейін араласып кеткендігінің көрінісі. «Орталығын» еш уақытта ұмытпайтын. «Орталығы» оның күнделікті дем-тынысына, күнделікті жан азығы мен тән азығына айналып кетіп еді... Онсыз өмір сүруді көз алдына елестете де алмайтын. Оған уақыт деген оның патша көңілінен шығуына тоқсауыл болды. Зейнеткерлік жасқа да келді... Сол күні зейнеткер болуымен құттықтағам. Бірақ қуанып, елпендей қойған жоқ. Көңілінде ризашылықтың жоктығын содан білдім.

Редакцияда бір кездері қызмет атқарған Қали Садықов, Қазғзбек Сәденов, Қайыркен Сұлтанов, Зарқын Тайшыбаев сияқты ардагерлерді ұмытпай, әрқашан еске алып отыратын. «Жиымасыншы ғасырдың жиырма редакторы» атты стенд жасауға бас-көз болып, оған «Орталық Қазақстанның» сонау «Советтік Қарағанды» болып іргетасы қаланғаннан күні кешеге дейінгі барлық редакторларының суреттерін орнаттырды. Ол ашылған күні редакцияда қызмет атқарған, қазір өзі жоқ азаматтардың артындағы жарларын шақырып, оларға «Орталықтың келіндері» деп сый-құрмет көрсетті. Сөйтіп, ардагерлерді кейінгі жастарға үлгі етті. Қазіргі көзі тірі ардагерлерді де ұмытпай, кейде әр түрлі шараларға шақырып қояды.

Екі-үш жылдай республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің облысымыздағы меншікті тілшісі, аппаратта аға тілші қызметтерін атқарып келді. Кейде Шерағаң (Шерхан Мұртаза) туралы еске алып, өзінің «Шерханның мекпенінен» шыққандығын мақтан ететін. Өзінің алғашқы редакторы Рамазан Сағымбековті, кейіннен келген Нұрмахан Оразбековті үлгі тұтатын. Олардың редактор ретіндегі, басшы ретіндегі айтулы істерін өзінің де қайталайтыны бар еді. Дегенмен, үнемі ізденісте болатын ол қазіргі заманға

орай өзіне ғана тән жарқын жолын таба білді. Қандай да болмасын бір жаңалықты жарқ еткізіп, газет бетінде көрсетуге тырысты. Одан соң оған өзі дән риза болып, көпке дейін көңілді жүруші еді.

Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасына арқау болған Баян батырдың Шет ауданы жеріндегі мәңгілік мекен еткен қорымнан табуға атсалысты. Сол сапар туралы өзі әрқашан айтып жүрді. Мақала шыққан газеттің сол санын келген адамдарға көрсетіп, бір рахаттанып қалатын.

Мағаш жастарға да қамқорлық жасап, жас журналистерді қанатының астына алуды да ұмытқан жоқ. Редакцияға әр жылдары келген жастарға ақыл айтып, «Үйретіп отырмасаң, бұлардың қаламы әлі бас білмейді» деп қояды. Солардың ішінде біраз жыл «Орталықта» қызмет атқарған Қамбар Ахметов «Егемен Қазақстан» газеті редакторының орынбасарлығына дейін көтеріліп, өзі қызмет атқарған қарашаңыраққа редактор болып қайта оралған еді, қазір республикаға мәлім басшылық қызметте. Өзі баулып шығарған Ерсін Мұсабеков қазір «Орталықтың» тізгінін ұстаған беделді басшы. Мирас Асан болса, «Егеменнің» бөлім меңгерушісі болды. Жалпы алғанда осы өзінің «Орталығында» қызмет атқарып жүрген жас журналистердің барлығы да Мағаш ағасының аялы алақанын сезінген, қаламгерлік қолдауын көргендер десек, жаңылыс айтқан сөз емес.

«Орталықтың» иесі де, киесі де бола жүріп, қарымды қаламгер ретінде танылды. Сонысымен басқаларға үлгі болды. Қалам қайратының арқасында «Жауынгер қыздар» – «Боевые подруги» (Е.Лұқпановпен бірігіп жазған), «Қолыма қалам алдым айтамын деп...», «Алаштың Алдаспаны», «Құбылыс», «Наркескен» атты кітаптары жарық көрді. Мөлдіретіп қана шағын бір ойдың ұшығын шығарып, тоқтай қалушы еді. Оны газетке «Ой-тамызық» деген айдармен жариялап жүрді. Кейін сол атпен олар жеке кітап болып шықты да.

Осындай еңбегі еш кеткен жоқ. Жиырма бес жасында Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты болды, кейіннен Г.Толмачев атындағы республикалық байқаудың «2009 жылғы таңдаулы БАҚ редакторы» сыйлығын иеленді, сол жылы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағын алды, Президенттің баспасөз саласындағы сыйлығына қол жеткізді. Облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының бас жүлдесін олжалады. Басқа марапаттары өз алдына бір бөлек әңгіме. Міне, осылардың барлығы да кейінгілерге үлгі-өнеге боларлық жайттар.

Тағы бір қуанышты жағдай – облыстық архивте Мағауия Сембайдың жеке қоры ашылды. Оның бүкіл құжаттары, жазған-сызғандары, кітаптары, марапаттары сол қорға тапсырылды. Мағаштың қаламынан тек газеттің қара мақаласы ғана емес, повестер мен әңгімелер туындаған деп айтсам артық емес. Мен бұл сөзді шатасып айтып отырған жоқпын. Оның қаламынан туған Мұхтар Мағауин, Токтар Әубәкіров туралы жазғандары повестерге, очерктерінің өзі әңгімелерге бергісіз мөлдіреп тұрған туындылар екендігінде сөз жоқ. Егер сұм ажал аразмыздан жұлып алып кетпегенде әлі де талай дүниелерін алдымызға тартар еді.

Қайран, Мағаш! Енді тек есімізге түсіріп, дұғамызға қосып отырудан басқа бізде басқа шара қалған жоқ. Жатқан жерін жайлы, топырағың торқа болсын!

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
Қазақстанның
Құрметті журналисі

Суреттер редакция мұрағатынан

Сурет автордан

• АЛАШ ЗИЯЛЫСЫ, АҒАРТУШЫ, ПУБЛИЦИСТ МҰСТАҚЫМ МАЛДЫБАЙДЫҢ ТУҒАНЫНА – 145 ЖЫЛ

Ескерілмей жүрген есіл ер

Бүгінгі ұрпақ Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатыр. Алайда, сол Тәуелсіздік аспаннан түскен жоқ. Еліміздің егемендігі қантөгіссіз келгені рас. Бұл бізге Алланың берген сыйы, кешегі өткен бабалардың арманы, тілеген тілектерінің қабыл болуы еді. Шындығында, осы егемендік жолында қаншама Алаш азаматының қаны төгілді. Тәуелсіздік жолында олар аянбай тер төкті, талай қиын-қыстау күндерді бастан өткеріп, жандарын пидә етті. Кешегі Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының соңынан еріп, ұлт мүддесі үшін күресте бірге болған Мұстақым Малдыбайдың есімін көп адам біле бермейді. Бүгінгі мақалада сол олқылықтың орнын толтырып көрмекпіз. Әлкисса, оқып көріңіз.

Мұстақым Малдыбай 1880 жылы бұрынғы Егіндібұлақ ауданына қарасты Айрық алқабында, дәлірек айтқанда, Ұшқара тауының бауырындағы Сарықияқ қыстауында дүниеге келген. Баяғы сол Мәди әнге қосатын Ұшқара тауы ғой. Мұстақымның ата-тегін тарау-тасқақ, арғы атасы Шаншар абыз, оның ұлы Келдібек биден туатын «ақсақтың алтауы» бар емес пе?! Қаздауысты Қазыбек би бастаған алты ұлдың бірі – Үсен еді. Жалпы Бошан ұрпақтарының ішінде үш Үсен руы бар. Солардың аражігін ажырату үшін Келдібекұлы Үсен руы оның баласы Құланшы есімімен аталған. Сол Құланшыдан Матықұл, одан Айнабай, Кешубай, Жекебай, Балтақай туған. Айнабайдан: Айтбайқай, Байсақ, Матақ, Малдыбай тарайды. Малдыбайдан: Сәулей, Мұстақым. Одан Темірлан, Төлегетай, Әлихан есімді ұлдар және екі қыз бала туған. Өкінішке қарай, Мұстақымның ұрпақтарының қазір қайда екені бізге белгісіз...

Биыл туғанына 145 жыл толып отырған Мұстақым Малдыбайұлының балалық және жасөспірім шағы қиындықпен өтті. Өткен ғасырдың 70-жылдары Егіндібұлақ өңіріне танымал журналист Кәрім Сауғабайға жазған хатында Әлихан Малдыбаев өзінің әкесі мен анасы туралы деректер берген екен, оның айтуынша, әкесі Мұстақым мен ағасы Сәулей әкеден ерте жетім қалыпты. Анасының және басқадай туыстарының қамқорында болған екеуі ауылда ағайынның қойын бағып күн көріп, ерте есейеді. Ерекше сұңғыла, зерек болып туған Мұстақым ауыл молдасынан сауатын ашып, одан әрі оқуды мақсат тұтады. Троицк қаласына жылқы айдаған үлкендерге ілесіп барып, сол жақта қалып қояды. Онда ауқатты адамдардың жұмысын істей жүріп, орыс-казак мектебіне оқуға ілігіп, білім алады. Сол біліммен Уфа қаласындағы Ғалия медресесіне түседі. Жазғы демалыста ауылға келіп, ауыл балаларын оқытып, өзінің оқуына жететін табыс тауып қайтатын болған. Айталық, сол заманда Ресейде оқып жүрген шәкірттер жазғы қаниқулда ауыл-ауылға шығып, бала оқытып, тиын-тебен тауып, оқуының қаражатын жинайтын болған. Оған бір ғана мысал: 1914 жылғы «Қазақ» газетінің 4 сәуірдегі №57 санында сол кездегі Едірей болысының адамы Жайсақ қажының баласы Камалиддин (Камал) Жайсақовтың Уфадан жазған мынадай құлақтандыруы жарық көрілті. «Жаз елге шығып бала оқыту ниетіндемін, мұғалім керек кісілер «Қазақ» басқармасына білдірсе екен: қанша бала оқытады, қанша акы береді». Міне, осындай жолмен Мұстақым да Ғалия медресесінде оқып, жобамен 1910 жылдары бітіреді. Сонда жүргенде осы оқу орнының қыздар бөлімінің шәкірті Ғазиза Ғайнулла деген татар қызымен көңіл қосып, үйленеді. Кейін оны ауылға алып келеді.

Жалпы өткен ғасырдың басында қазақ жерінде орыс-қазақ бастауыш мектептері көп ашылғаны белгілі. Себебі, 1824 жылдан бастап, жерімдізі иеленген Ресей империясы өзінің жергілікті басқару орындарына орыс тілін білетін қазақтарды қойып, соның ішінде болыстарға осындай талап қойған соң ауқатты адамдар жаппай мектеп ашып, балаларын оқыта бастайды. 1908 жылы Омбы губернаторы осындай циркуляр шығарыпты. Жоғарыда айтқан «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 16 наурыз-дағы №6 санында Ержан Айманов деген адам «Қарқаралыда оқу жайынан» деген тақырыпта мақала жазыпты. «Қарқаралы шаһарында бұрыннан үш класты городской училище бар еді. Қазақ һәм орыс баласы аралас оқисын деп 1904 жылы және екі класты городской училище ашылды» деп, бастаған автор мектептердің ашылу себебіне тоқталады. Одан әрі Қарқаралы маңында 7 мектеп болғанын, енді тағы 5 мектеп ашылатынын айтады. Тіпті, қыз балалар да мектепке алына бастағанын баяндаған. Болыс Ыбырай Ақбаевтың қызы Зүфнүн Семей әйелдер гимназиясына түскенін хабарлайды. (Н.Нұрмақовтың болашақ жары осы Зүфнүн). Біздің бұл мақалаға қосармыз, 1903 жылы Қу болысынан Қасен Ақаев Қызылшілік

деген жерден бастауыш мектеп ашып, қазақ балаларын оқытқан. Соның бірі кейіннен мемлекет қайраткері болған Нығмет Нұрмаков еді.

Біз сәл шегініс жасап, сол замандағы қазақ даласында көп мектептің ашылғанын айтып отырмыз. Сондай қазақ балаларына арналған ордалы мектепті Жетісу өңіріндегі Қапал қаласында әкелі-балалы Сейітбаттал мен Есенқұл Мамановтар ашқаны белгілі. Бұл оқу орны халық арасында «Мамания» мектебі атанған. Міне, осы мектепте Мұстақым Малдыбай 1910-1911 жылдары ұстаздық етіп, мектепте басқарушы қызметін атқарған. Бұдан кейін Семей қаласына келіп, осындағы мұғалімдер семинариясында сабақ береді. Жұбайы Ғазиза Малдыбай келіні де осында қыздар мектебінде және семинарияның қыздар бөлімінде дәріс оқиды. Аталмыш Семей мұғалімдер семинариясы 1903 жылы ашылып, 7 жылдық мектеп ретінде жұмыс істей бастаған. Алғашқы дайындық класына 24 бала қабылданыпты. Негізінен Семей, Кереку, Өскемен, Қарқаралы, Ақмола уездерінен, кейін Тобыл, Баянауыл, Жетісу аймақтарынан оқушылар келіп қабылданған. Оның алғашқы директоры Петербург университетінің түлегі А.И.Белый болған. Бұл оқу орнының іргетасын қалауға ерлі-зайыпты Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтар, Әбілқас Сәтбаев көп үлес қосқан. Солардың қатарында Мұстақым мен Ғазиза да болды.

Мұстақым болса қазақша оқулықтар жазумен шұғылданған. А.Байтұрсынұлының жаңа әліпби негізінде жазған оның «Қазақша оқу кітабы» 1912 жылы Семей қаласында «Жәрдем» баспасынан жарық көрген. Сол жылы Қазан қаласынан «Қазақша ең жаңа әліппе» деген кітабы шыққан. Оның бұл еңбектері сол заманға сай жазылған оқулықтар еді. Бұл кітаптар бүгінде Алматы қаласындағы Ғылым Академиясының сирек кітаптар және қолжазбалар қорында сақтаулы. Осылайша 1912 жылдан бастап, Мұстақым өмірінің соңына дейін, яғни, 1927 жылға дейін осы гимназияда сабақ беріп, кейін қазақ еліне танымал болған талай ғалым, жазушыларға дәріс оқиды. Мысалы, олардың қатарында М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан, Ж.Аймауытұлы, Ә.Нұршайықов сынды ұлт зиялылары болды. Алғашқы «Абай» журналын осы семинария шәкірттері Мұхтар мен Жүсіпбектің шығарғанын бірі білсе, бірі білмес. Шәкірттердің жан-жақты да жарасымды дамуы үшін жастар кешін ұйымдастырып, ерлі-зайыпты Мұстақым мен Ғазиза және Нұрғали мен Нәзипа Құлжановалар және Семейдегі Алаш белсендісі Райымжан Мәрсекөвтің жұбайы Рахима көп үлес қосты. Олар Семей қаласындағы Луначарский атындағы жастар клубында осындай әдеби-танымдық, ойын-сауық кештерін ұйымдастырғаны жөніндегі хабарлар «Қазақ» газетінің беттерінде жиі жарияланғанын бүгінде газет тігіндісінен көріп отырмыз. Мысалы, «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 23 майдағы №15 санында «Қазақ ішінде алғашқы мұғалім, оның алғашқы мектебі» деген хабарды Семейдің «Заречная Слободка» атты бөлігіндегі мұғалім Мұстақым мырзаның жары Ғазиза ханым қарамағындағы әйел балалар мектебінде болып, «қыз-қатындар көп жиналды» деп жазады. Одан әрі хабарда: «Әйел балалар шамаларына қарай оқығандарының үстіне көлөнерді де үйренген екен. 35 әйел балаға оқу-жазу білдіріп, көлөнер үйреткені үшін жиылған ханымдар, бәйбішелер мұғалима Ғазиза ханымға көп алғыс білдіріп, риза болып тарқасты», – деп жазады газет тілшісі. Міне, бұл ерлі-зайыпты Малдыбайлардың жас ұрпаққа білім беру, оқу-ағарту саласындағы еңбектері туралы кейбір деректер.

Мұстақым Малдыбай – мұғалім қызметімен қоса қоғамдағы саяси өмірге белсене қатысқан азамат. Ол Алаш қозғалысын қолдап, «Алаш» партиясына мүше болған. Себебі, XX ғасырдың басындағы әлемдегі өзгерістер мен Ресейде болған төңкеріс қазақ даласының қоғамдық өміріне де айтарлықтай ықпал етті. Осы аумалы-төкпелі ке-



зенде ұлт зиялылары алдында дербес ел болу, ұлт бірлігін нығайту міндеті тұрды. Айталық, 1913-1914 жылдары «Айқап» журналының төңірегіне топтасқан, бір топ ұлт зиялысы, атап айтқанда Жаһанша Сейдалинов бірнеше рет мақала жазып, жалпыұлттық қазақ съезін тастауға үндеген еді. Бірақ ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан оны қолдамай, ондай бас қосуға саяси жағдай әлі қалыптаспағанын айтқан екен. Ал, төңкерістен кейін Әлекең сондай дәуір туғанын, империялық билік құлап, түрлі партиялар сан жаққа тартқан кезде Алаш елі де өз тәуелсіздігін алуға тиіс деп үндеу тастайды. Қазақ халқының ұлттық санасын оятып, сол замандағы ел мен жерге қатысты көкейтесті проблемаларды көтерген Алаш көсемдерінің қасынан Мұстақым Малдыбай да табылды. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Семей облысында қазақ комитеті құрылғанда, Мұстақым да сол комитет құрамына енеді. Қазақ комитеттері ұлттық мәселелерді көтеріп, халыққа жөн көрсететін ұйымға айналды. Семейде облыстық қазақ съезі ұйымдастырылғанда бұл зиялы топтың бел ортасында жүрді.

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат болып ұсынылған. Осы уақыттан бастап Мұстақымның ұлттық мәселедегі көзқарасы айқындалып, қазаққа еркіндік әперетін «Алаш» партиясы екенін түсініп, партияның Семейдегі комитетін құруға көп еңбек сіңірді. Елді аралап, халыққа партияның мақсатын түсіндірді. Соның ішінде, Қарқаралы уезінде болып, өзінің туған жері Едірей болысының жұртшылығымен жүздескен. Сонымен қатар, Алаштың атты әскерін құруға да елеулі үлес қосқан. Алаш милициясы деп аталатын 300 адамнан тұратын полктің құрамына қазақ жігіттерін ауыл-ауылдан жинап, оларды қару-жарақпен, азықтүлік, киіммен, мініс аттарымен қамтамасыз ету үшін Алаш басшыларымен бірге Мұстақым да аянбай еңбек сіңірді. Оған дәлел ретінде Семей қаласындағы «Қазіргі заман тарихының құжаттамасы» орталығында: «Список организаторов Алашского конного партизанского полка, участников организации против Советского власти в 1918 году Правительства Алаш-Орды» деген тізім сақталған. Міне, осы тізімде Әлихан бастаған қырыққа жуық Алаш көсемдерінің ішінде Мұстақым да бар. Айтпақшы, осы адамдарды 30-жылдары ГПУ тергеуге алып, көбісін әртүрлі мерзімге соттап, біразын ату жазасына кескені, әрине, ауыр. Ол туралы сәл кейінірек айта жатармыз...

1917 жылы 7 наурызда Семей қаласында Алаш белсенділері Райымжан Мәреск, Халел Ғаббас, Әлімхан Ермек бастаған ұлт зиялылары қазақ комитетін құруға қатысты өткен алғашқы жиында қаланың «Заречная Слободка» деген бөлігін «Алаш қаласы» деп атауға шешім қабылдайды. Оны басқаруға Дума мүшелері тағайындады. Оның төрағасы болып Биахмет Сәрсенов бекісе, орынбасары болып Мұстақым сайланды. Осылайша ол Алаш қозғалысының белді мүшесі болды. Оның «Алаш» партиясы атқарған барлық шараларды қолдап, соған қатысқанын бір ғана мысалдан аңғаруға болады. 1917 жылы 2 қазанда Әлихан Бөкейхан Семейге «Алаш» партиясын құруға келеді. Ол туралы «Қазақ» газетінің 1917 жылғы №18,20 сандарында Сұлтанмахмұт Торайғыров екі бірдей мақала жариялап, бұл оқиғаның қалай болғанын баяндайды. Мақаланың басында автор көп адам жиналып, оны күткенін жазған. «Вокзалға Әлекеңді қарсы алуға кеткен екі адамның біреуі Мұстақымның төбесі көрінгенде Алаш көсемінің келіп қалғанын білді», – деп жазады. Міне, осы жолы Семейде «Алаш» партиясы құрылып, оның бағдарламасын

«Қазақ» газеті 23 қазандағы нөмірінде жариялайды. Әлихан Бөкейхан осы бірінші қазақ съезінде сөз сөйлеп, өзінің «Қадет» партиясынан шығып, «Алаш» партиясына енгенін хабарлайды. Жалпы, 1917-1918 жылдары Алаш зиялылары Кеңес Үкіметін қолдамаған, Ресейде төңкеріс жасаған большевиктерді «бүлікшілер» деп атаған. Осы қазақ съезінде сөйлеген Әлекең сол кездегі қазақ даласында ақтар қашып, қызылдар қуған аласапыранда ауылдарды қорғайтын әскери адамдар керек. Бүлікшілерге қарсы шығу үшін Алаш атты әскерін, яғни, Алаш милициясын құру қажеттілігін түсіндіреді. Орынбордағы қазақ әскерінің атаманы Дутонпен және шығыс Сібір қазақ әскерінің атаманы Анненковпен қару-жарақ жөнінде өзінің келіскенін айтады. Қазақ жігіттерін әскери өнерге үйрету үшін офицерлер келді. Енді осы атты әскерге қаражат жинау міндетін алға қояды. Осыдан соң Алаш ардақтылары Әлекең берген тапсырманы орындау үшін жер-жерге шығады. Осы ауқымды жұмыстың ішінде де Мұстақым Малдыбай төбе көрсетеді.

Осылайша 1918 жылдың басында 300 адамнан тұратын Алаш милициясы құрылып, негізінен бүлікшілерге қарсы айкасты. Сібірдегі Уақытша Үкіметтің күшіне иек артты. Солардан қару-жарақ алды, тәжірибелі офицерлер мен поручиктерден соғыс өнерін меңгереді. Жалпы, Алаш көсемдерінің ойы бойынша Ресей федеративті республика болуға тиіс, қазақ елі өз алдын автономия алып, соның құрамына енуге тиіс болатын. Айталық, Самара қаласына 1910 жылы жер аударылған Әлихан Бөкейхан Ресейдің саяси өміріне араласып, «Қадет» партиясына еніп, Керенскиймен жиі кездесіп тұрған. Себебі, кадеттіктер Ресейдегі самодержавиені құлатып, федеративті мемлекет құруды мақсат тұтты. Міне, осы саяси ұстаным Әлекеңе ұнап, «Қадет» партиясына сол себептен кірген екен. Оның ойы – патша құлаған жағдайда қазақ еліне тәуелсіздік әперу. Жоғарыда біз бірінші қазақ съезінде оның кадеттен шығып, «Алаш» партиясына кіргенін айтқан едік. Себебі, кадеттіктер қазақ елінің автономия болуына сол кезде қарсы шыққан екен. Сонымен, 1917-1918 жылдары қазақ зиялылары, яғни, «Алаш» партиясы Кеңес Үкіметіне қарсы айкасқан. Кейін, Кеңес империясы оларды «халық жауы» деп жазықсыз қудалап, халыққа құбыжық етіп көрсетуінің осындай себебі бар.

Мұстақым Малдыбай көптеген қазақ зиялыларымен пікірлес, дос болғаны белгілі. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының 3-томы, 296 бетінде: «Міржақып Дулатұлы 1911 жылы 7 маусымда Семей қаласына келгенде ол түскен Мұстақым Малдыбайұлының үйіне тінту жүргізіліп, «Оян, қазақ» кітабы үшін қамалып, Міржақып қамауға алынады», – деп жазылған. Ал, «Айқап» журналының 1911 жылғы №6 санында «Уақиғалар» айдарымен берген мақаласында Мұстақым досы Міржақыптың «Оян, қазақ» кітабы үшін қамалғанын жазады. Қамау кезінде М.Дулатұлының қолында болған татар, қазақ тіліндегі газет-журналдарды және Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараштың кітаптарын жандармдар алып кеткенін хабарлайды. Одан әрі мақалада: «Сағат 12-де Міржақып әпендіні түрмеге жөнелтті. Міне, содан бері Дулатов 9 ай бойы еш себепсіз, тергеусіз сарғайып отыр. Оның халы нешік болар?!», – деп досының тағдырына алаңдаушылығын білдіреді.

Мұстақым семинарияда ұстаздық ете жүріп, Алаш қозғалысына белсене араласып, газет-журналға мақала жазып, өзін журналист, публицист ретінде таныта білген азамат. Ол, әсіресе, Троицк қаласында 1911-1915 жылдары шыққан «Айқап» журналының белсенді авторы болған. Оның мақалалары негізінен оқу-ағарту, ұрпақ тәрбиесіне арналған. Мысалы, 1912 жылы журналдың №1 нөміріндегі «Қайырлы ниет, жақсы ырым» мақаласында Семейде ашылған жаңа мектеп туралы баяндап, оны ашуға демеу болған азаматтарға ризашылық білдіреді. Ал, 1915 жылы осы журналға басылған «Қазақша бастапқы ойын» атты жазбасында Семейдегі ойын-сауық кешінде Біржан-Сара айтысынан көріністерді студенттердің орындағанын жазады. Ал, осы ойынға қатысушы, сол кездегі қалалық үш жылдық орыс-қазақ мектебінің оқушысы Сапарғали Бегалин өзінің «Замана белестері» мемуарында былай деп жазады: «Мен сол ойында суфлёр болдым.

Қаныш Сәтбаев айтыскер Біржанның досы Серіктің рөлін ойнады. Мұғалім Мұстақым Малдыбайұлы да сахнадағы көріністерге қатысты». Жазушы Сапкең осы кітабында: «1914 жылы Қоянды жәрмеңкесінде әкем Ысқақ екеуміз мал саттық. Содан әкем маған «киім алып берейін» деді. Бірақ мен «одан да «Айқап» журналының бір жылдығына жаздырыңыз» дедім. Жылдық бағасы 3 сом екен. Журналдың дүңгіршегіне барсам, өзімнің ұстазым Құлжановтар үйінен жиі көретін Мұстақым Малдыбай отыр екен», деп жазады. Осы мысал Мұстақым тек қана «Айқапқа» мақала жазып қана қоймай, оны таратушы да болғанын көрсетеді.

Кезінде «Алаш» партиясының белсендісі болып, ағартушылық, журналистік міндеттерді қоса атқарған Мұстақым Малдыбайұлы Ұшқараның бауырында бірге өскен досы әрі құрдасы Мәди Бәпиұлымен қандықойлек, адал жолдас болған. 1920 жылы 1 ақпанда ол Қарқаралы қаласында окқа ұшқанда, жазықсыз түрмеге қамалған осы Мұстақымды құтқарамын деп барған еді. Биыл Мәдидің де 145 жылдығы. Соған орай алдағы жазылатын мақалада аталған оқиға жайлы кеңірек жазатын боламыз.

Осы мақалада Мұстақым белсене қатысқан Алаш қозғалысының кейбір деректерін үзіп-жұлып айтуға тырыстық. Толық жазуға бір мақаланың көлемі көтермейді. Алайда, сол ұлт зиялылары басын қатерге тіккен адамдар еді. Аласапыран заманда олар қазақ елін қалай да егемен етуге тырысып бақты. Сол замандағы саяси жағдай оларға мүмкіндік бермегенін ілгеріде атап өттік. 1919 жылы А.Байтұрсынұлы Ленинмен кездескен соң, Алаш азаматтарына Кеңес Үкіметі кешірім жасады. 1920 жылы Қазақстан автономия алды. Бірақ 1930 жылдардың қанды шенгелі алаштықтарды бәрібір өзіне орап алды. Олардың ішінде Мұстақым да бар еді. Алайда, ол 1927 жылы желтоқсан айында кенеттен ауырып, 47 жасында бақиға аттанды. Білетіндердің айтуынша, оған у беріп, қастандық жасалған...

Содан қыстың аязына қарамай жұбайы Ғазиза сонау Семейден марқұмның аталары жатқан Сарықияққа жеткізеді. Осы сапарда қатты суық тиген Ғазиза шешеміз ерінің қырықна жетпей қайтыс болады.

Сол Мұстақым қаза болғанда елі қатты қайғырып, Қазымбет руының Қамзе Сүлейменұлы деген ақсақалы оған арнап, 18 шумақ өлең жазған екен. Соны барынша ықшамдап ұсынғанды жөн көрдім.

Шаншар болып бетке ұстар
тұлпарым-ай,
Тобынан артық туған сұңқарым-ай.
Құдірет өмірінді қысқа қылды,
Бетіңнен жарылқасын патша Құдай!

Жалғанның барлығына жетіп едің,
Бошаннан жалғыз озып кетіп едің.
Алдыңнан талай дұшпан оң қазғанда,
Бәрінен қарғып өтіп кетіп едің.

Өнерлі Мұстақымдай тумас бала,
Малға құт Абықай да өлді және.
Ер өлгенде елдің сәні кетті деген,
Осы екі өлім халыққа болды жара.

Кетті ғой өңшең құтым, ағалар-ай!
Тірлікте білінбеді бағалары-ай.
Надандар бас аман деп үйде отыр,
Жыртылды Айбикенің жағалары-ай.

Ес білген соң талпынған талапты
ерім,
Жұмақтан орын болсын барар жерін.
Гүбірнада он бес күн сотты болып,
Заңмен өтелк бермеген қайран ерім!

Құдірет өзі берсін иман нұрын,
Бірді кедей, бірді бай қылған Тәңірім.
Мұстақымдай ұл тумас Құланшыдан,
Таң қалғандай іс қылған өз өмірін.

Нәсібің артық еді Құдай берген,
Қайырды халқың болып көзі көрген.
Ризамыз, жеңемізге рақмет,
Халқына сүйегіңді әкеп берген.

Қорыға айтқанда, биыл туғанына 145 жыл болып отырған Алаш қозғалысының қайраткері, жастарға білім берген ұстаз, ағартушы, журналист Мұстақым Малдыбайұлының өмір жолы жайлы қысқаша әңгіме осындай. Ол жайлы кітап жазу – уақыт еншісіндегі шаруа, келер ұрпақтың міндеті.

Серік СЕКСЕНҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
«Құрмет» орденінің иегері

• САМБО

Федерацияда – жаңа басшы

Қарағандыдағы Н.Әбдіров атындағы спорт сарайында Қарағанды облысының спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының отырысы өтті. Отырыс барысында федерацияның құрметті президенті ретінде Айбек Есейұлы және президент ретінде Мерей Матышев таныстырылды. Сонымен қатар, өңірдің жетекші спортшыларына сыйлықтар табысталды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты жиынға облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Дәурен Есімов пен экс-президент Ержан Халилин де жиынға арнайы қатысты. Екі тараптан атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарларымен бөлісті. Бұған дейін аталған федерацияның президенті лауазымында қызмет атқарған Ержан Халилин Қазақстанның күрес федерациясының самбо бағыты бойынша вице-президенті болып тағайындалған.



– Осы салаға келгенімен де аттай алты жыл болыпты. Осы уақыт аралығында қолымыздан келгенше игі жұмыстар атқардық. Спортшыларға жан-жақты қолдау көрсеттік. Бұдан кейін де спортшыларға қолдау көрсетуге әзірмін, – деді Ержан Халилин. Қарағанды облысы – самбо күресінің дамуына айрықша

үлес қосқан өңірлердің бірі. Талай дарынды балуандар түлетіп шыққан мекен. Кеңестік кезеңнен бастап, самбо Қарағандыдағы спорт мектептерінің негізгі бағыттарының біріне айналған. Күні бүгінге дейін аймақ спортшылары республикалық және халықаралық додаларда ел намысын абыроймен қорғап жүр.

Бүгінде самбо күресінің материалдық-техникалық базасы нығайып, жас өрендерге жол ашылуда. Аталған іс-шараға аймақтағы спорт мектептерінің басшылары, дзюдо және самбо күресі федерациясының ардагерлері мен спортшылары арнайы қатысып, жаңадан тағайындалған басшыларға жылы лебізін білдірді.

– Біз жасөспірімдер арасында әлемдік және халықаралық деңгейдегі спортшыларды шығаруды мақсат етіп отырмыз. Әрине, спортшыларға тиісті қолдау көрсетіп, жаттығуына жағдай жасаймыз. Одан бөлек, спорт ардагерлері мен чемпиондардың бапкерлерін де назарға аламыз. Алдағы уақытта Қарағандыда ересектер арасында республикалық турнирлерді өткізуді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, алда әлі үлкен жұмыстар күтіп тұр. Бұл лауазым – маған жүктелген зор жауапкершілік деп білемін, – деді Айбек Есейұлы.

Жиын соңында Айбек Есейұлы ел намысын әлемдік ареналарда қорғап жүрген спортшыларға естелік сыйлықтар табыстады.

Сурет автордан

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша Департаментінің 22.07.2025 ж. № 35-03-07/920-И Бұйрығына сәйкес, «Ақтоғай Энерго» ЖШС-нің Шашубай кентіндегі филиалы:

1. Суды таратушы желілер арқылы беру қызметі бойынша тариф 2025 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіліп, 1 м³ үшін ҚҚС-сыз 469,88 теңгеден 495,72 теңгеге дейін өседі, бұл 5,5% өсімді құрайды, оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтер енгізіледі:

жеке тұлғаларға – 1 м³ үшін ҚҚС-сыз 176,30 теңгеден **186,00** теңгеге дейін; өзге тұлғаларға – 1 м³ үшін ҚҚС-сыз 176,30 теңгеден **186,00** теңгеге дейін; бюджеттік ұйымдарға – 1 м³ үшін ҚҚС-сыз 1 654,73 теңгеден **1 745,74** теңгеге дейін.

Аталған өсім уәкілетті органның ведомствосы айқындаған индексация деңгейінен аспайды.

2. Саркынды суды бұру қызметі бойынша тариф 2025 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіліп, 1 м³ үшін ҚҚС-сыз 372,34 теңгеден 392,82 теңгеге дейін өседі, бұл 5,5% өсімді құрайды, оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтер енгізіледі:

жеке тұлғаларға – 1 м³ үшін ҚҚС-сыз 113,15 теңгеден **119,37** теңгеге дейін; өзге тұлғаларға – 1 м³ үшін ҚҚС-сыз 113,15 теңгеден **119,37** теңгеге дейін; бюджеттік ұйымдарға – 1 м³ үшін ҚҚС-сыз 1 126,11 теңгеден **1 188,05** теңгеге дейін.

Аталған өсім уәкілетті органның ведомствосы айқындаған индексация деңгейінен аспайды.

«Ақтоғай Энерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Шашубай кентіндегі филиалы, ҚР, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кенті, Ж.Ақбергенов 1 көшесі.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Согласно Приказу от 22.07.2025 года № 35-03-07/920-И Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области утвердил тариф Филиалу ТОО «Ақтоғай Энерго» поселка Шашубай:

1. На услуги подачи воды по распределительным сетям с введением в действие с 1 августа 2025 года увеличится с 469,88 тенге за м³ без учета НДС до 495,72 тенге за м³ без учета НДС, с ростом на 5,5 %, в том числе дифференцированные тарифы по группам потребителей:

для физических лиц – с 176,30 до **186,00** тенге за м³ без учета НДС, для прочих потребителей – с 176,30 до **186,00** тенге за м³ без учета НДС,

для бюджетных организаций – с 1 654,73 до **1 745,74** тенге за м³ без учета НДС, что не превышает уровня индексации, определенного ведомством уполномоченного органа.

2. На услуги отвода сточных вод с введением в действие с 1 августа 2025 года увеличится с 372,34 тенге за м³ без учета НДС до 392,82 м³ без учета НДС с ростом на 5,5 %, в том числе дифференцированные тарифы, в том числе по группам потребителей:

для физических лиц – с 113,15 до **119,37** тенге за м³ без учета НДС, для прочих потребителей – с 113,15 до **119,37** тенге за м³ без учета НДС,

для бюджетных организаций – с 1 126,11 до **1 188,05** тенге за м³ без учета НДС, что не превышает уровня индексации, определенного ведомством уполномоченного органа.

Филиал товарищества с ограниченной ответственностью «Ақтоғай Энерго» поселка Шашубай, РК, Карагандинская область, Ақтоғайский район, поселок Шашубай, улица Ж.Ақбергенова 1.

№136

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» сақадай сай

22-29 тамыз аралығында Қарағанды және Өскемен қаласында Qazaqstan Kubogi 2025 турнирі өтеді. Ал, топтық кезеңнен кейінгі плей-офф ойындары Қарағандыда ұйымдастырылады деп күтілуде. Бүгінде қарағандылық клуб былтырғы маусым соңынан ашылған трансферлік терезеде біршама жаңа ойыншы алған болатын. Күні кеше тағы да үш бірдей жас ойыншылармен келісімшартқа отырды. Бүгінде «Сарыарқа» ел құбогына сақадай сай. Жаңа құраммен осы бір беделді турнирде бак сынамақ. Сонымен қатар, клубтың бапкерлік құрамы да бекіген...

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы ел кубогында 8 команда бак сынамақ. Командалар өткен маусымда жинаған рейтинг көрсеткіштері бойынша екі топқа бөлінген. А тобындағы ойындар Қарағандыда өтеді деп күтілуде. Бұл топта былтырғы чемпион – көкшетаудың «Арланы», «Сарыарқа», рудныйлық «Горнякты» және атыраулық «Бейбарыс» клубы бар. Ал, В тобына өскемендік «Торпедо», «Алматы», «Ақтөбе» және Петропавлдың «Құлагері» топтасқан.

Айта кетейік, бұл турнирге тағы бірнеше клуб қатысуы керек-тін. Алайда, ташкенттік «Хумо» клубы Қазақстан кубогы мен Pro Hockey League чемпионатына қатысатынын растайтын ресми құжаттарын әлі ұсынбаған. Одан бөлек, павлодарлық «Ертіс» пен «Мұнайшы» клубы да қаржылық мәселелеріне байланысты ересектер мен жастар арасындағы Қазақстан кубогына қатыспайтын болды. Бірақ, қос команда Pro Hockey League мен Jastar Hockey чемпионатының жаңа маусымында өнер көрсетеді.

Команда сапында қосалқы құрамнан шығатын Жакен Ибрагимов деген жас қақпашы бартын. Өткен маусымда 15 ойын өткізіп, орта есеппен қақпаға жасалған соққының 92,7%-ын қайтарған. Клуб басшылығы жас ойыншыға сенім артып, клуб қатарына тағы бір маусымға алып қалды.



Сонымен қатар, клуб басшылығы үш бірдей шабуылшыны сапқа қосты. Әуелгісі елордалық «Nomad Astana» клубының шабуылшысы – Егор Смолянинов. 21 жастағы ойыншы осыдан төрт жыл бұрын кәсіби мансабын «Снежные барсы» клубынан бастаған. Былтырғы маусымда ғана елордалықтар қатарына қосылыпты. Соған қарамастан 33 ойын өткізіп, бір шайба және тоғыз голдық пас берген.

«Снежные барсы» клубының шабуылшысы Илья Шапоров та жаңа маусымда қарағандылық клуб сапын толықтырмақ. Жас ойыншы – осы клубтың түлегі. Мансабын да сол клубтан бастаған. Жас та болса, мұз айдынында тамаша өнер көрсетіп келе жатқан ойыншы. Жеке деректеріне сүйенсек, шабуылшы былтырғы маусымда 38 ойын өткізінті. Екі шайба салып, төрт нәтижелі пас берген.

Тағы бір жас ойыншы Санжар Түсіпбековті атыраулық «Бейбарыс» клубынан алдыртқан. Ол ойыншы мансабын «Снежные барсы» клубынан бастаған. Содан бері «Арлан», «Nomad Astana», «Ақтөбе» сапында өнер көрсетіпті. «Бейбарыс» сапына тек былтырғы маусымда ғана ауысып келген. Бірақ, клуб басшылығы жас ойыншыны айдыңа жиі шығармаған. 21 жастағы ойыншы былтыр бар болғаны мұз айдынында 9 ойын ғана өткізген көрінеді.

Жаңа маусымға команданың бапкерлік құрамы бекіп, штабқа жаңа маман алған. Бірақ, атап өтетін ешқандай өзгеріс жоқ. Әдеттегідей, былтырғы маусымда жемісті жұмыс атқарған мамандар жұмысын жалғастыра бермек. Владимир Князев – команданың бас бапкері. Ал, бас бапкердің көмекшісі Виктор Буяльский болып қала бермек. Шабуыл мен қорғаныс жүйесіне жауап беретін Дмитрий Главиок болса, қақпашыларды Макар Кармалин жаттықтырады. Сонымен қатар, штаб құрамына Евгений Ермаков қосылып, быне-талдау жаттықтырушысы қызметін атқарады. Әзірге клубта болып жатқан соңғы жаңалықтар – осы. Қазіргі таңда ойыншылар жаппай жаттығуды бастап кеткен. Биылғы маусымда Қазақстан кубогын жеңіп, жанкүйерлер жадында қалсақ деген үміттері бар...

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

Қайыржан БЕКІШҰЛЫ



Қайыржан Бекішұлы – Нұра ауданының Көбетей ауылында 1943 жылы дүниеге келді. Сол жерде мектеп қабырғасын аяқтап, 1960 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогика институтына түсіп, биология мамандығы бойынша үздік бітіріп шықты. Алғашқы еңбек жолын өзінің туған өңірі Нұра ауданына қарасты Семёновка мектебінен бастады. Ол жерде биология пәні мұғалімі және оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1967 жылы осы ауданның «Балықтыкөл» совхозы орта мектебінде 24 жасында

директорлық қызметке тағайындалды. 1969 жылы өзі білім алған Қарағанды мемлекеттік мұғалімдер институты биология кафедрасынан ұстаздыққа шақырту алады. Міне, осы кезден бастап Қайыржан Бекішұлының жоғары оқу орнындағы ұстаздық қызметі басталды.

Профессор Қайыржан Бекішұлы Бекішевтің ғылыми-педагогикалық қызметі академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетімен тығыз байланысты. Ол бұл оқу орнында жауапты және басшылық қызметтер атқарған. 1982-1989 жылдары – кешкі биология-химия факультетінің деканы; 1989-1994 жылдары – биология факультетінің деканы; 1994-1998 жылдары – тәрбие ісі жөніндегі проректор; 1998-2002 жылдары – университеттің биология-география факультетінің деканы қызметтерін атқарған. 2002-2023 жылдар аралығында ботаника кафедрасының профессоры. Оқу-әдістемелік, тәрбиелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізіп келді.

1996 жылы «Жаһандық дүниетанымдық экология» мамандығы бойынша Халықаралық экология академиясының академигі атанды. Білім беру жүйесіндегі шығармашылық еңбегі мен қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысқаны үшін Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Құрмет грамотасымен (1997 ж.), Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен (2002 ж.), «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгісімен (2003 ж.), академик Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың 40 жылдық мерейтойына арналған медальмен (2012 ж.), сондай-ақ «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен (2012 ж.) марапатталған.

Қайыржан Бекішұлы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Еңбек сіңірген қызметкері» атағының иегері. 2002 жылы білім мен ғылым саласындағы еңбегі үшін Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры ғылыми атағы берілді. 2009 жылы профессор П.Кравицкий атындағы университеттік сыйлықтың иегері атанды.

2013 жылы Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталды. Сол жылы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағына ие болып, мемлекеттік грант иегері болды. 2023 жылы Нұра ауданының Құрметті азаматы атағына ие болды. 2019 жылы «Парасат» орденімен марапатталды.

Қайыржан Бекішұлы биология-география факультетінің және жалпы университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері арасында зор бедел мен құрметке ие. Оның өмірлік ұстанымы белсенді, бұл – қоғамдық тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауынан, студенттермен тәрбие және кәсіби бағдар беру жұмыстарын шын ниетпен жүргізуінен, сондай-ақ кафедра мен факультет ұйымдастыратын барлық іс-шараларға белсене қатысуынан айқын көрінеді.

Қайыржан Бекішұлы Бөкетов университетінде ұзақ жыл қызмет етіп, университетіміздің қарыштап дамуына өз үлесін қосты. Барлық ғұмырын ұстаздыққа арнаған Қайыржан Бекішұлының алдынан қаншама шәкірт өтті. Артында қалың қауым шәкірттері, әріптестері мен хатқа түскен еңбектері қалды. Ол кісінің игі істері мен ғылыми еңбектері ешқашан өлмек емес. Біз Қайыржан Бекішұлынан қанида айырылып қалсақ та «ғалымның хаты өлмейді» деген қатигдаға сүйене отырып білім ордасында бізбен бірге мәңгі жасайды демекпіз. Ардақты ұстаздың рухына тағзым етіп, ағайын-туыстарына, аулы жары Хауа апайға қайғырып көңіл айтамыз.

Академик Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университетінің ұжымы
Д

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

Д

1. «ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Өдеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 8 (7212) 41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Өдеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

– Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8 (72137) 5-11-44;
– Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8 (72156) 3-91-84;
– Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8 (7213) 98-10-18;
– Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (72146) 3-17-38;
– Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (72154) 2-12-87;
– Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (72144) 5-29-88;
– Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (72149) 4-18-90;
– Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (72131) 4-47-37;
– Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (71037) 2-10-11;
– Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8 (71036) 4-07-49;
– Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8 (71039) 5-20-45;
– Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (71031) 2-18-06.

2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы terkom_kar@minfin.gov.kz».

Д

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық кеңестері Қарқаралы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ойрат Ыбырайымханұлы Жүкібаевқа ағасы, экономика ғылымдарының кандидаты, Еуразия гуманитарлық институтының профессоры
Марат Ыбырайымханұлы ЖҮКІБАЙДЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық кеңестері Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикеновке бауыры

Алмас Доскенұлы СЕКЕРБАЕВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Даланы дүбірге бөлеп

Ұлттық спорт түрлерінен IV облыстық фестиваль өтті

Президент тапсырмасы аясындағы ұлттық мұраны ұлықтау ісі кеншілер өлкесінде нақты іске айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлттық спортты дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес Бұқар жырау ауданының Құрылыс ауылында Ұлттық спорт түрлерінен IV облыстық фестиваль өтті. Дәстүрлі дода – ұлттық құндылықтарды жаңғырту, жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттау, сондай-ақ, республикалық деңгейдегі ірі жарыстарға үздіктерді іріктеу мақсатында ұйымдастырылды. Фестивальдің басты ұйымдастырушысы – облыстық мәслихат пен облыстық ұлттық спорт түрлері қауымдастығы.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық спорт – ұлт рухын, тарихын, салт-дәстүрін бойына сіңірген баға жетпес мәдени мұра. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы дене тәрбиесі мен рухани күшті қатар дамытып, ол өмір салтында, шаруашылықта және жауынгерлік өнерде айқын көрініс тапқан. Ұлттық спорт түрлері – бәсеке ғана емес, ұлттың рухани тұтастығын айқындайтын тәрбиелік құрал. Тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында көкпар, аударыспақ, казак күресі, теңге ілу, жамбы ату сынды спорт түрлері жаңа серпінмен дамып, халықаралық ареналарда насихаттала бастады.

Қазір ұлттық спорт тек елімізбен қатар, әлемдік деңгейде де таныла түсті. Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің қатысуымен өтетін жарыстар, халықаралық көшпенділер ойындары – сөзіміздің дәлелі.

Мәдениет пен спорттың тоғысқан бұл үлкен мерекесі казактың салт-дәстүрі мен рухани байлығын ұлықтап, облыстың барлық өңірінен келген спортшылардың басын қосты.

Атшабар алаңы ұлттық нақышта безендіріліп, мерекелік әуен әуеледі. Музыкалық саздың сүйемелдеуімен жарысқа қатысушы командалар бірінен соң бірі сап түзеп, көрермен алдында шерулетіп жүріп өтті. Облыстың қалалары мен аудандарынан жиналған 350-ден астам спортшы теңге ілу, көкпар, аударыспақ, жамбы ату, асық ату, бес асық, тоғызқұма-

лак, казак күресі, дәстүрлі садақ ату, аламан бәйге және жекпе-жек сынды дәстүрлі жарыстарда өзара бақ сынады. Спорт додасына 50 төреші тартылған. Жарыстың бас төрешісі – Қайрат Абдуллаев.

Ашылу салтанатына құрметті меймандар арнайы шақырылып, сахна төрінен құттықтау лебізін білдірді. Облыстық мәслихаттың төрағасы әрі облыстық ұлттық спорт түрлері қауымдастығының президенті Нұркен Кобжанов өз сөзінде атаулы шараның мән-маңызына тоқталды.

– Ұлттық спорт – ұлттың жаны. Ол – тарих, тәрбие, намыс, бірлік. Осындай фестивальдер арқылы біз жастарды отансүйгіштікке баулып, төл өнерімізді ұрпақ санасына сіңіреміз. Бұл – мәдени мұрамыз-

ды сақтаудың нақты жолы. Қасиетті Бұқар жырау жерінде өтетін бұл шара дәстүрге айналды. Біз облыстық мәслихаттың депутаттары ұлттық спортқа жанашырлық танытып, осы фестивальдің өтуіне үнемі қолдау көрсете бермекпіз. Ұлттық спорт дами берсін, – деді Нұркен Сайфиддинұлы.

Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын өз сөзінде бұл фестивальдің аудан үшін ерекше рухани мәні бар екенін айтып өтті.

– Құрылыс ауылы – казакы болмысты сақтаған, ұлттық спортқа жанашыр елдімекен. Мұндай ауқымды шараның біздің жерде өтуі – үлкен мәртебе әрі сенім. Спортшыларға сәттілік, ал, көрермендерге жарқын әсер тілеймін. Еліміздің өсіп-өркендеуі, ұлттық

болмысымыздың бекемдене түсуі осындай ұлттық мінезге тәрбиелейтін шаралардан басталады. Президентіміз Ұлттық спортты дамытудың маңызын үнемі айтып келеді. Биыл осы ауқымды шараны ұйымдастырып, өз деңгейіне өтуіне ұйытқы болып отырған облыстық мәслихат төрағасы және облыстық мәслихат депутаттарына, фестивальдің өтуіне өз үлесін қосқан басқа да азаматтарға алғыс сөзіміз шексіз, – деді Ерлан Құсайын.

Сонымен қатар, жарыс төрелігін әділ жүргізетін құрам таныстырылып, Көкпар федерациясы, дене шынықтыру және спорт басқармасы мен облыстық мәслихат өкілдері де жарысқа өз тілегін жеткізді.

– Бұл фестиваль – қыркүйек

бәсекесі. Осы шараның нәтижесі негізінде облысымыздың намысын қорғайтын команда жасақтап, Талдықорғанға баруға ниеттіміз. Спортшыларымыз үш күн бойы жоғары деңгейде өнер көрсетті. Дайындықтары мығым. Бұл фестивальдің бір ерекшелігі мұнда майталман спортшылар қатыспайды. Керісінше, осы ұлттық спорт түрлерімен айналысып жүрген, облыс аумағындағы болашағы бар жастарды іріктейміз. Төрешілер де өз ісінің шеберлері. Бұл ересектер арасындағы дода болғандықтан 18 жасстан асқан үміткерлер қатысты. Биыл бюджеттен қаржы бөлініп, қаржылай сыйақылар тағайындалды. Тамыз айының соңында тағы осындай шара өтеді. Бұған дейін жасөспірімдер арасында өткен. «Ақ бидайды» қосқанда төрт жа-

елімізге пайдалы азамат ретінде қалыптасу туралы әр жас осындай ауқымды шаралардан ой түйіп қайтады. Сондықтан, шараның басы-қасында жүрген азаматтарға, спортшыларға алғыс айтамын, – деді облыстық мәслихаттың депутаты Ерден Халилин.

Жалпы командалық есепте бірінші орынды Қарқаралы ауданы иеленсе, екінші орын Бұқар жырау ауданына бұйырды. Ал, үшінші орынға Ақтоғай ауданының спортшылары жайғасты. Барлық спорт түрлерінен жеңімпаздар анықталды. Қаржылай сыйлықтар тапсырылды. Жалпы, жүлде қоры – 12 млн теңге.

– Қарқаралы ауданы, Нұркен ауылынан келдім. Осы жекпе-жекте бірінші рет шықтым. Бұған дейін казак, еркін күреспен ай-



айында Талдықорған қаласында өтетін «Ақ бидай» республикалық VIII ауыл спорты ойындарына іріктеу кезеңі. «Ақ бидай» – әр 4 жылда 1 рет өтетін ірі ұлттық спорт

рысқа да қолдау көрсетіліп, қаржы бөлініп отыр. Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Сайфиддинұлы арнайы келіп, сайыстарға жанашырлық танытуда. Бұл бізді қуантады. Қолдау болса, спортшылар да аянбасы анық, – деп атап өтті Қарағанды облысының ұлттық спорт федерациясының басшысы Нұржан Шайхин.

Облыста ұлттық спорт түрлерін дамыту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылууда. Бүгінде 11 ұлттық спорт түрімен 38 296 адам шұғылданады. Облыс спортшылары республикалық деңгейде де жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Мәселен, 2025 жылы 298 спортшы 34 республикалық жарысқа қатысып, 15 алтын, 14 күміс, 25 қола медаль иеленді. Қазақстан Республикасының Ұлттық құрамасына Қарағандыдан 36 спортшы енген.

– Бұл фестиваль – осында жүрген жастарды, кішкентай көрермендерімізді жігерлендіреді. Оларды саламатты өмір салтын ұстануға, спортпен айналысуға жетелейді. Қазір жас буын спортқа бейім. Нашакорлықтан және басқа зиянды әдеттерден аулақ болып,

налысқанмын. Бапкерім – Айбек Бейбетов. Осындай жарысқа шығуымызға мүмкіндік бергеніне рақмет айтамыз, – дейді Тілектес Тайшыбай.

Фестивальге келген спортшылар атшабар алаңын үш күн бойы дүбірге бөлеп, ұлттық спортқа деген қызығушылығын аңғартты. Кіреберісте сайдың тасындай жігіттер аударыспақтан бақ сынасып жатса, бір жағында дәстүрлі садақ ату сайысы өтіп жатты. Асық атып, теңге ілген жігіттер ептілігімен сүйсінтті. Ал, бозкілемдегі балуандар мен көкпаршылар өз алдына бөлек әлем. Сәйгүліктер бәйгеге кіргенде арқамыз қозып, тыпырышып, тақым қысып отырдық. Шыңдығында, ұлттық спортты дамытудың ұлттық сананы, ұлттық мінезді қалыптастыруға, саламатты өмір салтын насихаттауға әсерінің мол екенін аңғардық. Енді жерлестеріміздің «Ақ бидайдан» абыроймен оралуынан үміттіміз.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымыз 3 498

№80 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Аяулым СОВЕТ**